



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 12 ЖЕЛТОҚСАН, 2024 ЖЫЛ №140 (23 462)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

ӘЛЕУМЕТ

Балабақша кезегі реттеледі

2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту көрсеткіші 92,5%-ға жетті. Жыл басынан бастап еліміздің өңірлерінде 64 мың орынға арналған 561 мектепке дейінгі ұйым ашылды. Бұл кезекте тұрған 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 92,5%-ын мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиелеумен қамтуға мүмкіндік берді.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-ағарту министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, жаңа орындардың ашылуы мектепке дейінгі ұйымдардың құрылысын жүргізу, реконструкциялау және шағын орталықтар желісін кеңейту, сондай-ақ, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен іске асырылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шаралар қабылданды. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамтуға ұлғайту үшін 2023-2027 жылдарға арналған мектепке дейінгі ұйымдарды іске қосудың қамтамасыз жоспары әзірленді. Бүгінгі таңда балаларды мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиелеумен қамтуға 13 өңір жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Оның ішінде Шымкент қаласын, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе облыстарын атап өтуге болады, – деді мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манара Адамова.

Бүгінде елімізде 11,6 мың мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, онда 1 млн-ға жуық бала тәрбиеленуде.

Қарағанды облысында бүгінде 39 мыңнан аса баланы қамтитын 411 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде 11 мыңдай балалар контингенті бар 101 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді.

Биыл 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту 79,5% -дан 82,6%-ға өсті, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 100%-ды құрайды. Бұған 2 мыңнан астам жаңа орын ашылуы есебінен қол жеткізілді.

2023 жылдың аяғында бір балаға бөлінген мемлекеттік тапсырыстың құны қалада 52 954 теңгені, ауылда 59 111 теңгені құрады. 2024 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыстың құны 54 506 теңгеге (қала) және 60 747 (ауыл) теңгеге өсті.

ӨЗЕКТІ

Құрылыста қарқын да, түйткіл де бар

Қарағанды шаһарының Оңтүстік-Шығыс бөлігі бұл күні бөлек түске боялып келеді. Жаңалықтың, жақсылықтың жаршысындай жаңа үйлер бой көтеріп-ақ жатыр. Жарнамалары жер жарып, үлескерлерді үміттендіріп-ақ қояды. Көз қызыққан сон қол қарап отыра ма? Жиған-тергенін енді іргетасы құйылған үйге салатын жұртшылық та қазір арындаған атының басын тарта алмай тұр. Әлбетте, арзан әрі жаңа үйді кімнің алғысы жоқ? Бірақ, қарағандылықтардың ауызы бұл тұрғыда биыл оңбай күйген. Басқабасқа, қарағандылықтар содан да «аузы күйген үріп ішеді» өзге өңірге қарағанда жақсырақ түсінуі тиіс-ті. Тәуекел деп тас жұтып, сонында сол тастан тұншығып қала жаздағандардың жағдайы әлі ұмытыла қойған жоқ. Сондықтан да, облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы жақында тағы да дабыл қағып, дабырайтып, проблемалы үйлерді тұмсығынан тізіп берді.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Үлескер қаражатын тартуға рұқсат жоқ
Ескі жараның аузын тырнағандық емес. Былтыр бұқара үлескерлік баспанана біраз тұйыққа тірелген. Әрі-сәрі күй кешіп, арасында әкімдік ара ағайын боп, мәселе тұрғындардың



пайдасына шешілген. Ендігіде ақырын жүріп, анық басу – міндет-ті.

Жалпы, Қарағанды қаласында басқарманың мәлімдеуінше, 55 көп-пәтерлі үйдің құрылысы қызу жүріп жатыр. Оның 48-інде құрылыс жүргізуге құжаттары толық, сақадат сай.

«Төрт көп-пәтерлі тұрғын үйде құжаттардың толық пакеті бар, бірақ, құрылыс жұмыстары тоқтатылды. Біреуінің рұқсаты жоқ және екеуі ұзақ уақыт салынып жатқан үйлер», – дейді басқарма мамандары.

Сонымен қатар, Шахтерлер даңғылы, 416 мекенжайындағы «Dream House» тұрғын үй кешінін қоспағанда, үлескерлердің қаражатын тартуға рұқсаты бар тұрғын үй кешендерінің жоқтығын да қоса хабарлады.

«Сонымен қатар, үлескерлердің қаражатын тарту үшін тұрғын үй құрылыс кооперативтері (ТҮҚК) құрылады, бұл заңмен тыйым салынбаған, бірақ тұрғын үй кешені құрылысының аяқталу мерзімдері туралы 100% кепілдік бермейді. Мұн-

дай «Жилой фонд» ТҮҚК (барлық нысандар) және «Comfortnyy Gorod» («Новый Город-2» ТК, «Новый Город-3» ТК, «Британский Комфортный Квартал» ТК) құрылыс компанияларында құрылған», – дейді басқарма мамандары.

Заңға сәйкес үлестік құрылыс туралы қолданыстағы заңнаманы айтылып өту арқылы жасалған барлық мәмілелер жарамсыз екенін де еске салады.

► 4-бет

«Орталық» – төрімде!

«Орталық Қазақстан» үйімің тәртіпін түспейді. Оқумен өскен бұрынбыз. Оқу – ойыңды өсіріп, жүрек көзін ашады. Ал, облысымыздың бас газетінде қашан да сапалы дүниелер басылады. Әсіресе, аймақтағы мәдениет жаңалықтарын қапы жібермеймін. Көбіне елене қоймайтын мәдениет саласындағы азаматтардың еңбегі мен жетістіктерін жазып, олардың халыққа танылуына үлес қосып келеді. Осы газет арқылы жұлдыз жарқыраған таланттар баршылық өңірде. Әсіресе, Сәкен театрындағы әр спектакль жазылады мұнда. «Орталық Қазақстан» газеті театр сүйер қауым үшін өте бағалы.

Көзі ашық адам қашан да газет оқитынын ескерген жөн. Қазіргі заманда екінші бірі журналист, блогер болғысы келеді-ақ. Бірақ, қай ақпаратқа сеніп, қайсына назарыңды аударарыңды білмейсің. «Атың шықпаса, жер өрте» деп жанталасқандардың

заманы болып тұр қазір. Міне, солар халықты шатастырады. Осы тұста тек кәсіби журналисттер еңбектенетін облыстық басылымға жүгінеміз.

Салмақты сараптамалар мен пікірлер, танымдық мақалалар газеттің шырайын ашып тұрады. Тарихшылардың ғылыми мақалалары мен қаламгерлердің көркем туындыларын асыға күтемін. Жақсы ақындардың жақсы өлеңдері басыла, көңілім марқаяды.

Арқадағы жақсылық жаршысы «Орталық Қазақстан» жасай берсін!
Газетке жазылу бұл күнде әлдеқайда оңай. Қолыңыздағы смартфонмен-ақ жазыласыз. Ана тілімізде басылатын облыстық басылымға қолдау көрсетейік! Газет – ұлттың сауатты болуы үшін аударай қажет.

Қайрат КЕМАЛОВ,
театр және кино актері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



БӘРЕКЕЛДІ!

Ұстаздар шеберлігін ұштады

Алматыда «Үздік авторлық бағдарлама – 2024» республикалық педагог-зерттеушілер байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды. Биыл өңірдің төрт мұғалімі екінші және үшінші дәрежелі дипломдарға ие болды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға еліміздің өңірлерінен 186 педагог-зерттеуші қатысты. Сайыс үш кезеңнен

тұрды. Мектепке дейінгі білім беруде екінші орынды Қарағандыдағы «Балақай» бөбекжай-бақшасында балаларға робототехниканы үйрететін Әйгерім Әбдірахманова иеленді.

Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерді оқытуда «Телемедицина» бағдарламасын әзірлегені үшін Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының биология пәні мұғалімі Назерке Нұрмашқызы екінші дәрежелі дипломен марапатталды.

Қарағанды командасының физика-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда

тағы екі үшінші дәрежелі дипломы бар. Бұл орайда Сәкен Сейфуллин атындағы гимназияның информатика пәнінің мұғалімі Нұрғұл Жексенбина мен «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Евгения Герасименконың авторлық бағдарламалары үздік деп танылды.

Сонымен қатар, №2 «Білім-инновация» лицей-интернатының екі мұғалімі Перуза Жайықбаева мен Ботагөз Мейірманова арнайы грамоталармен марапатталды.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ

Kaspi QR
АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Жеке жазылушылар үшін

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:
☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
✉ E-mail: ottdel.pochtovyy@bk.ru



Жылыту маусымы кестеге сай



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСТЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Арқада қыстың аязды күндері басталды. Мұндай сәтте жылу беру бағытындағы жұмыстың мұқият қадағалануы – аса маңызды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жылыту маусымының барысы жөнінде арнайы кеңес өткізді.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

талығында жетінші қазандықты іске қосуға дайындық жүріп жатқанын атап айтты. Іске қосу туралы шешім реттеу жұмыстарынан кейін ол қолданысқа енгізілмек.

Қазір №2 жылу электр орталығында бес қазандық агрегаты, үш турбогенератор, резервте екі су жылыту қазандығы бар. Тағы бір қазандық пен турбинаға күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Ермағанбет Қабдулаұлы әкімдер мен энергия орталықтарының басшыларына жылыту маусымының өтуі кезінде әр жауапты тұлғаға дербес жауапкершіліктің жүктелетінін мұқият еске салды. Бұдан бөлек, желтоқсан айындағы айтулы мерекелер кезінде коммуналдық менеджерлерге жеке іссапарлар жоспарлауы қажеттігін қатаң ескертті.

– Өз аумағынан ешкім ешқайда кетпейді. Барлығы орындарында болуы керек! – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған кеңесте аймақтағы барлық энергия орталықтарының басшылары, қалалардың әкімдері

қатысып, жүргізіліп жатқан жұмыс туралы есеп берді. Сонымен қатар, энергияны қадағалау туралы ақпарат та тыңдалды.

Аймақта жылыту маусымы штаттық режимде өтіп жатыр.

Жылу берудің температуралық режимі сақталған. Қазір станцияларда отын мен мазуттың қоры жеткілікті.

«Qazmet» АҚ Бас директоры Вадим Басин №2 жылу электр ор-

Он екі отбасы пәтерлі болды



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Приозерск қаласында баспананы көптен күткен тұрғындарды қуантқан салтанатты іс-шаралар легі жалғасын тапты. Тәуелсіздік күні қарсаңында шағын шаһардың 12 тұрғынына жаңа пәтер кілті табысталды. Жаңа қоныстанушылар арасында халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері, оның ішінде, көпбалалы және толық емес отбасылар бар.



Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала әкімі Мансұр Ахметов салтанатты түрде пәтер кілттерін табыстап, жаңа қоныс иелерін құттықтады. Президент Жолдауын іске асыру барысында тұрғындар баспаналы болуда.

Көпбалалы ана Үмітхан Байденова отбасымен бірге жаңа пәтерге көшуге дайын екендігін және қолдау білдірген Приозерск қаласының басшыларына алғысын жеткізді.

– Біздің отбасымызда сегіз адам бар: мен, күйеуім, бес балам және келінім. Біз осыған дейін үнемі баспана жалдап келдік. Әлі де сене алмай жүрміз. Осындай көмек үшін мемлекетке

рахмет! Пәтер жарық және кең, – дейді Үмітхан Байденова.

Айта кетейік, тапсырылған жаңа екі қабатты үйде кең 2 және 3 бөлмелі пәтерлер бар. Аумақта балалар алаңы орнатылған. Асфальт төсеу жоспарлануда. Тұрғын үй жалға берілді. Осы жылдың басынан бастап, Приозерск қаласында кезек тәртібімен 31 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Қала тұрғындарының тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар әлі де жалғасады.

ПРИОЗЕРСК
Суреттер автордан

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Әлеуметтік дәріхана ашылды

Бүгінде қаржылық дағдарыстың әсері дәрі-дәрмектің қымбаттауына да түрткі болғанын айтып шағымданып отырғандар аз емес. Дегенмен, дағдарыс дендеп кіргеніне қарамастан, бұл мәселенің оң шешілуін көздеген кәсіпкер ісі құптауға тұрарлық. Дертпен күрескен жандар дәріханаға жиі баратыны рас. Кент тұрғындары бір қорпа дәрі үшін қалаға шабылатыны да анық. Бұл ретте, Ақтоғай ауданына қарасты Шашубай кенті тұрғындарының сұранысын қанағаттандыру мақсатында «АКО-ФАРМ» дәріханасы ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады.



салыстырғанда 10-12 пайызға төмен.

– Салауатты өмір салтын қалыптастыру, халық денсаулығын оңалту басты міндетіміз. Кент тұрғындарын сапалы әрі төмен бағадағы дәрі-дәрмектермен қамтудың өте қажеттігі де күн сайын біліне түсуде. Сондықтан, Шашубай кентінен әлеуметтік дәріхана ашуды жөн көрдік. Өйткені, бұл бірінші кезекте денсаулығы күнделікті күтімге зәру зейнеткерлер мен қарапайым еңбеккерлер үшін бұл ауадай қажет. Мемлекеттің басты байлығы – халық. Елдің саулығы, әл-ауқатының жақсы болуы деннің саулығына байланысты. Бүгінгі ашылып отырған дәріхана, дертіне шипа іздеген әрбір тұрғын үшін жақсы жаңалық болмақ. Бұл бір жағынан қазіргі жағдайда шашубайлықтар үшін үлкен тарту болып отыр, – деді Шашубай кентінің әкімі Нариман Маңғышев.

Өз тілшімізден

Ақтоғай ауданы

Жаңа нысанның ашылуына қатысқан Шашубай кентінің әкімі Нариман Маңғышев өзі де көпшілікпен бірге кіріп, ондағы дәрі-дәрмектер бағасымен танысты. Айта кетерлігі сол, әлеуметтік дәріханадағы медициналық препараттар мен дәрі бағасы өзге дәріханалармен

• САЛТАНАТ

Маңдай термен келген марапат

Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Қарқаралы қаласында «Ауыл – ел бесігі» атты мерекелік концерт өтті. Әр ауылдың еңбеккерлері арнайы ұйымдастырылған көрмеде өнімдерін ұсынып, ауылдың қазынасын, қолөнер бұйымдарын, берекелі дастарханын паш етті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шараға ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері, шаруашылық жетекшілері, мамандар мен еңбеккерлер қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары Берік Тоқмурзин аудан басшысының құттықтауын жеткізіп, еңбеккерлердің қол жеткізген жетістіктеріне тоқталды. Қажырлы еңбегі үшін алғыс білдірді.

– Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында ауданымыздың дамуы алға басып, өңірімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы маңызды міндеттер орындалуда. Бүгінде аудан бойынша 2,0 млн гектарға жуық жер көлемін ауыл шаруашылығы құрылымдары игеруде. Ауданда барлығы 924 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері ауданның

әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Олардың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналыса, 50-ден астамы өсімдік шаруашылығымен шұғылданауда, – деп атап өтті Берік Мұхатайұлы.

Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов ізгі тілегін білдірді.

Дерекке сүйенсек, биыл 31 мың гектар жерге дөңді-дақыл себілген. Оның 18 мың гектары – бидай, 11 мың гектары – арпа, 2 мың гектары – сұлы. Әр гектардан 10 центнерден өнім алынып, жалпы 30 мың тоннадан астам астық бастырылды.

Өнімділіктің ең жоғарғы көрсеткіші – М.Мамыраев, Бінталы, Қасым Аманжолов, Бакты және Абай ауылдық округтерінде.

Шара барысында Социалистік Еңбек Ері Сайлау Біләлов пен



аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Назгүл Игілікова да сөз сөйлеп, ізгі тілегін жеткізді. Одан бөлек, бірқатар кәсіби мереке иелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің Құрмет грамотасы, облыс әкімінің және аудан әкімінің Құрмет гра-

мотасы мен Алғыс хатына, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіподағы ұйымының төсбелгілерін иеленді.

Атап айтсақ, Нығмет Нұрмақов ауылы «Атамұра Табы» ЖШС директоры Серікбол Жүмаділов Премьер-Министрдің

Алғыс хатына, Бінталы ауылы «Бінта» шаруа қожалығы есепшісі Аңсаған Сүлейменова, Абай ауылы «Нұртас» шаруа қожалығы басшысы Нұржан Ермеқұлы облыс әкімінің Алғыс хатына ие болса, аудан әкімінің Алғыс хаты Қасым Аманжолов ауылы «Жана-

тай» шаруа қожалығы басшысы Архат Ажкенов, Темірші ауылы «Ұзақ» шаруа қожалығының басшысы Биұзақ Қабиденовке және басқа да бірқатар сала мамандарына берілді.

Бұдан бөлек, Қарқаралы аудандық ветеринария станциясының басшысы Ауыл шаруашылығы кәсіподағы атқару комитетінің Қаулысымен «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ал, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық кәсіподағы атқару комитетінің қаулысымен Қасым Аманжолов ауылдық округінен «Телеухан» шаруа қожалығы басшысы Ұлан Райымбековке, «Береке» шаруа қожалығы басшысы Жанқаш Тілегеновке, «Мұрагер» шаруа қожалығы басшысы Аян Жұманбаевқа, «Нұр» шаруа қожалығы басшысы Ербол Сағынбаевқа, «Саяжан» шаруа қожалығының басшысы Бауыржан Салықбаевқа III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісі табысталды.

Шара соңы аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

Қарқаралы ауданы
Сурет ұйымдастырушылардан

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Қазақты сақтау үшін ауылды сақтау керек!»

Қарға тамырлы қазақтың ежелгі ерте мекені – ауыл. Бүгінде өркениеттің өріне шықпаса да, өз күнін өзі көріп, бейсауат біреуге алақан жаймаған «шүкіріне» шүкір қосумен күнелткен ауылдың ахуалы жиырма бірінші ғасырдың жиырма төртінші жылында да тақтайдай түзеле қоймады. Отыз жылдан астам уақыттан бергі қыбыр тірлігі түтінді түзу ұшырғанымен, айхай ауылдың жадау тұрмысын тамсандырардай жақсарта алмағаны да шыжықтай шыжығырған шындық. Осыдан біраз бұрын алғаш рет өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығының осы аса бір мән берілмей жүрген ақиқаттарын ашық айтты. «Кешенің көсегесін көгертеді-ау!» деген тетіктерді тізіп те берді. Осы орайда ауыл шаруашылығы саласының ардагері Никанбай Омархановпен сұхбат құрғанбыз. Әңгіме... тағы ауыл туралы...

– Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Президент агроөнеркәсіп кешенін дамытуға ықпал ететін алты бағытты белгілеп берді. Сізді осы салаға бүгін ғұмырыңызды арнаған және аймақтың экономикалық-дамуын бірден-бір жетік білетін маман ретінде бағалайды бұқара. Бүгінгі сұхбат осы алты бағытты іске асырудағы аймақтың әлеуеті төңірегінде. Сондықтан да, бірінші өте өзекті сауал – агроөнеркәсіп қаржыландыруға қатысты. Рас, мойындау қажет, бұл саладағы қаржыландыру ақсап тұр. Оны Президент те атады жасырмай. Сіздіңше, ауыл шаруашылығын қаржыландыруды жүйелі етуді тетіктері не? Бір кездегі өндірісті өңір Қарағандың қазіргі таңда аграрлы Қарағанды айналу мүмкіндігі қаншалықты?

– Иә, Астанадағы тұңғыш рет 2000 адам жиналған, Тауелсіздік сарайында өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Президент өзінің 40 минуттық сөзінде тек қана ауыл шаруашылығы емес, салаға ықпалы бар еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға да кеңінен тоқталып өтті. Әрине, жиынның өзге ауыл шаруашылығы турасында. Президент бөліп айтқан алты бағыттың бәрі де – бір-бір мемлекеттің бағдарламаға арқау, кезек күттірейтін өзекті мәселелер.

Соның ішіндегі агроөнеркәсіп қаржыландыруға қатысты тапсырмасы көптің көкейіндегі, ауыл шаруашылығының қарқынды дамуына түсау болған, көптеген жылдар сан министрдің басын қатырып жүрген, қоғамда қызу пікірталастар туғызған, лоббистердің сан түрлі ұсыныстары туындаған, бейнелеп айтқанда әралуан пікірталастарда «біраз найзаларды сындырған» саланы қаржыландыруға байланысты болды.

Мемлекет басшысы «Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу қажет...» деп ерекше айтып, «Агроөнеркәсіп кешенін мемлекет тарапынан

бөлінген қаржы көлемі де айтарлықтай. Яғни, дикандар енді көктемгі егін егу және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлеменен тікелей жеңілдетілген несиеле алады. Мұндай несиелеу көлемі алғаш рет жарты триллион теңгеден асты (580 миллиард теңге, бұған дейін 180 миллиард теңге болған). Алдағы уақытта бұл көрсеткіш бір жарым триллион теңгеге дейін жетеді. Бірақ, жұмыс көп, ауыл шаруашылығы тек егіншілікпен құралмайтыны белгілі. Алда әлі мал шаруашылығы, сапалы мал азығы, суармалы жерлер, техникалық, инфрақұрылымдық мәселелер де жеткілікті. Үкімет оны қалай шешеді уақыт көрсетеді.

Бұл мәселеде жан-жақты пікірталастар мен ауыл адамдарының көзқарастарын талқылай келе, бірқатар ұсыныстарымыз бар. Бірінші, субсидия бойынша. Мұнда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау (субсидия) механизмін түбірінен өзгерту, бүгінгі күннің 50-60 түрлі субсидия механизмін жойып, 7-8 түрін ғана қалдыру қажет. Бұл арадағы басты мақсат – 100% шаруа адамына субсидияға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, әркімге еңбегіне қарай төлем принципін шешу. Субсидия төлеуде басымдықты ұсақ және орта шаруашылықтарға бағыттау қажет. Жағдайы жақсы, аяғынан тік тұрған, ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидияны азайту керек. Ұсақ және орта шаруалар мен ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ұлғайту керек. Яғни, субсидия төлеуде дифференциация жасау – міндет. Қазіргі субсидия төлеу механизмі байларды байытып, кедейлерге бұйырмайтын принципке сүйеніп алған. Таяу арада Премьер-Министр де ауыл шаруашылығы субсидияларының әділ бөлінуін бақылауға алу туралы «Қаржы саланың ірі ойыншыларының табысы көзіне айналмауы тиіс» деп тапсырма бергенін естен шығармауымыз керек.

Екінші – арзан несие. Ауылдағы ұсақ және орта шаруаларға арзан (1-3%), ұзақмерзімді (10-15-20 жылға), өндіріл-



мемлекеттің ұйымдастырушылық рөлінсіз бірігуі (ірілену) тағы мүмкін емес. Жеке қосалқы шаруашылықтар мен ұсақ шаруалардың ерікті түрде бірігіп жұмыс істеуінің экономикалық механизмі ретінде бүгінгі таңдағы бірден-бір жол – әлеуеті жоғары ауылдарда «Дайындалу – Өткізу – Қызмет көрсету кооперативтері» ашу. Сол кооперативтер арқылы Үкіметтің қамқорлығынан сырт қалып жүрген облысымыздағы 50 мыңнан астам жеке қосалқы шаруашылықтарды да (ЖПХ) жанама субсидиямен қамтуды шешуге болады. Сонымен бірге егістігі, көпжылдық шөп алқаптары ауқымды, қажеттілік бар аудандарға облыстағы «Сарыарқа» ӘКК (СПК) арқылы тозып кеткен ауыл шаруашылығы жерлерін игеру мақсатында МТС-тар ашуды ұйымдастыру қажет.

Қандай дағдарыс болса да, мемлекетті тәуелсіз ұстаудың бірден-бір жолы – ауыл шаруашылығы.

Қарағанды облысының аграрлы аймақ болуына география жағдайын ескерсек, ауыл шаруашылығына қаржы құйып, алдыңғы қатарлы технологияларды енгізбесек, климаттық өзгерістерге ыңғайлана әрекет жасасақ, барлық жағдайлар бар. Оған биылғы егін шаруашылығындағы көрсеткіштер дәлел. Келесі жылдан бастап, «Аграрлы Сарыарқа» бағдарламасын жасауға ауыл шаруашылығы басқармасы мүдделі. Облысымызда ауыл шаруашылығы саласында жаңа есімдер де пайда болуда. Ендігі міндет – 30 жыл дәріптелген жаттанды азын-аулақ ірі шаруаларды көрсете бермей, заманауи технологиямен дамып келе жатқан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді алдыңғы қатарға шығару. Олардың тәжірибелерін жарнамалап, семинарлар өткізіп, қолдап, тіпті, марапаттарды соларға беретін уақыт келді.

– Төртінші өнеркәсіптік революцияны өткердік деп, бөріктің аспанға атқанымыз бар еді. Сол революциялар ауыл шаруашылығына жетпей қалғанын көзіміз көріп келеді. XXI ғасырдағы елдегі ауыл шаруашылығы сол жиырмамыншы ғасырдың 80-90 жылдарындағы тұрмысынан қатты ұзай қоған жоқ секілді. Әрине, озық технология мен үздік техниканы пайдаланып отырған шаруашылықтарды жоққа шығара алмаймыз. Алайда, аймақтағы оларды санамаласақ, он саусағымыз артылып қалатыны анық. Агроөнеркәсіп кешенін индустриаландыруды қалай және қашан толық сезінеді?

– Бұл сұраққа жауап бермес бұрын индустриаландыру деген не? Соған тоқталайықшы. Үкімет «Индустриаландыру – өнеркәсіптің жаңғыруы, инвестициялар ағымы, инновациялық серпиліс» деп бағыт белгіледі. Индустриаландырудың алғашқы бесжылдығы (2010-2014) бағдарламасында шикізаттық секторды, инфрақұрылымды дамытуды қоса алғанда, өнеркәсіптің барлық салалары қамтылды, осылайша, басымдықтарының кең ауқымы нақтыланды.

Екінші бесжылдық (2015-2019) сыртқы экономикалық шоқтарға аса төзімді және қазақстандық экономика үшін «қауіпсіздік төсемі» болу әлеуеті бар сектор ретінде нақты өңдеу өнеркәсібіне бағдарланды. Бұл бесжылдықта асынды өңдеу өнеркәсібінің 14 басымдықты секторы айқындалды, қолдау құралдары соларға бағытталды. Қазіргі кезде 13 АЭА мен 23 Индустриалық аймақ құрылып, жұмыс істеуде.

Осы индустриаландыру бағдарламаларын саралай келе, «Ауыл шаруашылығында индустриалдық революция бастауы бар ма өзі?» деген сұрақ туады. Егер индустриаландыру революциясы өнеркәсіпте, өңдеу кәсіпорындары, мұнай-газ, алтын-мыс, көмір-темір өндірудегідей ауыл шаруашылық саласында қарқынды жүргізілген, бүгінгі күнгі

90% Кеңес үкіметінен қалған ескі техникалармен жарактанған, инфрақұрылымы жойылған, мал тұқымы азып кеткен, жерлері деградацияға ұшыраған, азып-тозған ауылдар, тапқан нәпақасы өзінен артылмайтын шаруалар болар ма еді?! Сондықтан үкімет ауыл шаруашылығы саласын индустриалауды ең бірінші техникалық паркін жаңартудан бастаса, бі-

Екінші – арзан несие. Ауылдағы ұсақ және орта шаруаларға арзан (1-3%), ұзақмерзімді (10-15-20 жылға), өндірілген өнім, сатып алынған негізгі қорлар кепілдігімен несиелер беру механизмін енгізу қажет. Бұл арада басында 15-16%-бен беріп, сосын оның 10%-ын қаржы ұйымына қайта субсидия беру арқылы көмек жасау – шаруаның көп уақытын алады. Сондықтан, шаруаларды бұған араластырмай, субсидияны қаржы ұйымы мен сатушыға төлеп, жеңілдетілген несиені шаруаға тікелей беруді жолға қою керек. Осы орайда қайтадан коммерциялық екінші деңгейдегі агробанк ашуға асығыстық керек емес.

раз оңды өзгерістер орын алар еді.

Жалпы, ауыл шаруашылығын толық индустриаландыру саясатын іске асыру үшін ауылға қаржылық-экономикалық, саяси-әлеуметтік, ғылыми-практикалық революция керек.

– Техникаға қолжетімділік пен экспорттық әлеует туралы сіздің жеке пікіріңіз...

– Бұл Президенттің 4-5-6 тапсырмаларында нақты айтылды. Техникаға қолжетімділікті айтқанда медальдің екі жағын қараған дұрыс. Өзіңіз айтқандай, облысымыздағы қолмен санарлық, кезінде жан-жаққа тарамай, жеке-жеке кетпей, ұжымды сақтап қалған ірі шаруашылықтар әлемдегі ең заманауи техникалармен жарақтанған. Тіпті, тоза бастаған техникаларын жаңалап отыруға да шамалары жеткілікті. Өкінішке қарай, олардың саны өте аз.

Мәселе бүгінде мемлекеттің де, қоғамның да, адамның да бас ауруына айналған 1,7 млн жеке қосалқы шаруашылық пен ұсақ шаруашылықтарда. Әсіресе, бұндай жағдай өз ұлттымыз мекендеген қазақи алыс ауыл аудандарға тән құбылыс. Бірінші кезекте 20 жыл жыр болып келе жатқан «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» Заңды шұғыл қабылдау керек.

Ұсақ және орта шаруаларды қолжетімді, тиімді ауыл шаруашылығы техникаларымен жарактандыру мақсатында отандық ауыл шаруашылығы машинасын жасау, құрастыруды дамыту қажет. Еуразиялық одақ, Қытай елдерінің ауыл шаруашылығы машина жасау зауыттарының құрастыру цехтарын, отандық мөлшерін (отечественная локация) ұлғайту арқылы бұл мәселені шешуге болады.

Бүгінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 80% құрайтын ұсақ шаруалардағы 80-85% тозып тұрған ауыл шаруашылық техникаларын жаңартып алғанша, ұсақ шаруаларға қолжетімді трактор, машина, ауыл шаруашылығы техникаларына алғашқы төлем, утиль-алым, мемлекеттік баж, КҚС төлемеуге кем дегенде 10 жылға мораторий жариялануы тиіс.

Шаруалар сатып алатын құрал-жабдықтар құнын кем дегенде 50-70% субсидиялау арқылы утильалым мен алғашқы төлемді алып тастап, еліміздегі ұсақ және орта шаруаларды 5-10 жылда қолжетімді техникалармен жаппай қамтамасыз етіп алуға болады. Отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін көтеру маңызды мәселе. Онымен Үкімет арнайы шұғылданып, экспорттық әлеуетті ұлғайту үшін ең бірінші «Алқаптан – Сөреге» принципі бойынша ұлттық тауар өткізу жүйесін құру – бүгінгі күннің сұранысы.

– Мемлекет басшысы «агроөнеркәсіп кешенін одан әрі цифрландыру мен автоматтандыру мәселесі ұдайы назарда болуы тиістігін» атады. Бұл

орайда аймақтағы шаруашылықтардың ахуалы туралы не айтар едіңіз?

– Біздің аймақта шаруашылықтары заманауи техника, технологиялармен жабдықталған ірі АШТӨ спутниктік технологиялар арқылы өндірісті цифрландыру технологияларын пайдаланып, «ақылды техникалар», «ақылды алқаптар», «ақылды қоймалар», «ақылды мал базалары», «ақылды жайылымдар» сияқты интеллектуалды технологияларды енгізе бастаған тәжірибелер бар. Ал, өкінішке орай, алыс ауылдағы ағайындар үшін бұл жаңалықтар әзірше арман. Цифрландыруды өмірге дендеп енгізудің алғышарты ең бірінші, әрине, кеңжолдағы интернетпен алыс ауылдарды, оның ішінде, алыстағы 600-ден астам қыстақта электр энергиясыз отырған шаруаларды қамтамасыз етіп алу керек. Ал, бүгінгі таңда ауылда жарықтың өзі бір күн бар, бір күн жоқ жағдайда цифрландыру туралы ойлау қиындау...

– Ғылым – дамудың көзі. Өңірде бұл ғылымға назар аударылған ба?

– Облысымызда ғылым саласында жаңалықтар бар. Бірақ өңірде жалпы ғылымнан бөліп қарасақ, ауыл шаруашылығы ғылымы бүгінде дамып жатыр деп айта алмаймын. Кезінде Қарағанды Ауыл шаруашылық селекциялық тәжірибе ғылым стансасы (СХОС) бар-

лық аудандардағы тұқым учаскелері А.Христенко, Еламан Шаханов сияқты ғалымдар басқарып тұрғанда қандай керемет құрылым бол еді. Сол замандағы ғалымдардың бір он екі ай шұғылданып, әрбір совхоздарда асыл тұқымды малдар (қой, ірі қара) бөлімшелері, селекциялық учаскелер, бордақылау алаңдары, мал фермалары механизациясы, бордақылау цехтары, құнарлы мал азығын дайындаудан бөлек, селекциялық тұқым дайындайтын суармалы жерлер, асыл тұқымды шаруашылықтар болды. Ол заманда әрбір совхоз жоғары индустриялы, жаңа техникалар, алдыңғы қатарлы технологиямен жаракталған, ғылым жетістіктерін өндіріске игізумен шұғылданып өндірістер жүргізді. Өкінішке қарай, бүгінде соның бірі қалмайды ғылыми негізделген жұмыстан жүрдей стихиялы жағдайға жүргізілуде. Ғылым мен тәжірибе қатар жүрмей, ештеңе өркен жаймайды. Бұл жерде А.Суворовтың «Практикасыз теория өлі, теориясыз практика соқыр» («Теория без практики мертва, практика без теории слепа») деген сөзі қалыптасқан жағдайдың бәріне жауап.

«Қуатты аймақтар – қуатты ел» деген сөз. Біз осы қағидаға сай жұмыс істеуіміз керек. Себебі мықты мемлекет боламыз десек, ауылды дамыту аса маңызды. Осы орайда мен баршаныңға үндеу тастағым келеді:

«Ауыл – бәріміздің алтын бесігіміз. Қалада туып, өмір бойы қалада тұрған қазақтың да тамыры – ауылда. Халқымыздың салт-дәстүрі, тілі мен ділі, бәрі де ауылда сақталған. Жаһанданду дәуірінде қазақты сақтау үшін, ең алдымен, ауылды сақтауымыз керек» деген Президенттің Үндеуі 20 млн қазақстандықтарға, Үкіметке, 21 министрлікке, 23 ұлттық қолтінке, 20 облыс, қала әкімдіктеріне, 260 аудан мен 6500 ауыл әкіміне орындауға тапсырылған стратегиялық бағыт деп есептеймін. Тек осы айтылған орындаушы тізбегі жауаптылар, жүйелі қауға жол бермей, Президент тапсырмасын орындауда бір жұдырықтай жұмылып, соңына дейін жеткізе ала ма, гәп сонда...

Мемлекет басшысының «Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Соған сай жаңа бастамалар мен жоспарларды жүзеге асырамыз. Қазір оның бәрі мұқият зерделеніп жатыр. Келесі жылы халыққа ұсынатын боламын. Кейбір бастаманы әдеттегідей Ұлттық Құрылтайда жариялаймын. Оның кезекті отырысы Бұрабайда өтеді. Қалғанын Жолдауда айтамын» деген тапсырмасын сүйенсек, ел экономикасының қарқынды дамуында зор өзгерістер күтіп тұр деп сенейік.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Тіртәу Қазақстан»

Бірінші, субсидия бойынша. Мұнда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау (субсидия) механизмін түбірінен өзгерту, бүгінгі күннің 50-60 түрлі субсидия механизмін жойып, 7-8 түрін ғана қалдыру қажет. Бұл арадағы басты мақсат – 100% шаруа адамына субсидияға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, әркімге еңбегіне қарай төлем принципін шешу. Субсидия төлеуде басымдықты ұсақ және орта шаруашылықтарға бағыттау қажет. Жағдайы жақсы, аяғынан тік тұрған, ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидияны азайту керек.

субсидиялауды біртіндеп қысқартып, оның орнына банктердің ауыл шаруашылығына жеңілдетілген несиеле беруін ынталандырып жет. Отандық қаржы институттары агроөнеркәсіпшілерге ұзақмерзімді әрі қолжетімді қаражат ұсынуға тиіс» деген тұжырымын жеткізді. Бұл – ауыл адамдары үшін, әсіресе, алыс ауылдардағы шағын шаруашылықтар үшін өте өзекті мәселе. 25 жыл қалыптасып, ірі шаруашылықтарға жүздеген миллион теңгін әрі жанды көмек болған, ал, ұсақ шаруалардың қолы жетпеген мемлекеттік қолдау – субсидия әлеуметтік әділетсіздік тудырып, ұшығып кеткені жасырын емес. Басында 10-15 түрлі болған субсидия, әртүрлі, қаптаған салалық одақтардың лобби жасауы, әркімнің «көргені өзіне тарту» арқылы кейінгі жылдары үнемі өзгерді. Содан беріп, саны 50-ден асып кеткені мәлім. Тіпті, министрліктің өзі шатасуға айналды. Жалпақ тілмен айтқанда, «Жап-жақсы ән еді, мына пұшық қор қылдынын» кері келді. Орын алған жағдайды саралай келе, Мемлекет басшысы үзілді-кесілді шешім қабылдамай, өзінің байсалды саясатымен, біртіндеп субсидияны азайтып, арзан несиелерге көшу мәселесін шешу туралы тапсырма берді. Әлбетте, бұл – асығыс шешім қабылдауға келмейтін, бірнеше жылда біртіндеп шешуі қажет ететін мәселе. Несиелендіруде алғашқы бастамалар бар, жаман емес. Мысалы, шаруаларға жанталас тудыратын көктемгі егісті ерте қаржыландыру шешілгендей. Келесі жылғы көктем егісті қаржыландыру үстіміздегі жылдың желтоқсан айынан бастау алды. Оған қоса, бұрнағы жылдарға қарағанда

ген өнім, сатып алынған негізгі қорлар кепілдігімен несиелер беру механизмін енгізу қажет. Бұл арада басында 15-16%-бен беріп, сосын оның 10%-ын қаржы ұйымына қайта субсидия беру арқылы көмек жасау – шаруаның көп уақытын алады. Сондықтан, шаруаларды бұған араластырмай, субсидияны қаржы ұйымы мен сатушыға төлеп, жеңілдетілген несиені шаруаға тікелей беруді жолға қою керек. Осы орайда қайтадан коммерциялық екінші деңгейдегі агробанк ашуға асығыстық керек емес. Оның орнына экономист-қаржыгерлер ұсынып отырған әрі өзінің тиімділігін дәлелдеп, шаруалар дұрыс қабылдаған және қалыптасқан, аудандарда несиелік серіктестері бар Аграрлы несиелік корпорациясы (АКК) базасында коммерциялық емес «АКК Банк» ашқан дұрыс деп ойлаймын. Бұл істе Ресейдің, Еуроодақ елдерінің ауыл шаруашылығы жүйесін қаржыландыру тетіктерін зерттеген дұрыс. Меңің ойымша, қазір көп айтылып, біртіндеп қолданысқа енгізіле бастаған, барлық жағынан тозып тұрған, қаржылық жағдайы мен рентабельділігі нәлдік деңгейдегі ұсақ, орта шаруаларға 5%-дық несиелер де қымбат. Еуропа елдеріндегідей 0,1-0,5% болмаса да, бізден 10 есе кіші іргеміздегі Армения сияқты 1-3%-бен беру тиімді болады.

Жалпы, тұралап қалған ауыл шаруашылығын таза құрдымға кетірімей, тоқыраудан алып шығу үшін мемлекет ауылдан айналуы тиіс. Бірақ, бөлінетін қаржыны да кімге, қанша, қандай шартпен беру керектігі мұқият зерттелуі шарт. Бірікпей (іріленуісіз) ауыл шаруашылығы көтеріле алмайды. Ал,



Электриктің екінші қыры

«Қазақмыс» корпорациясы» «Нұрқазған» кенішінде электрлік болып жұмыс істейтін Әлібек Бимендинді Арқа жұрты біршама таниды. Еңбектің қазанында қайнап жүргенін айналасы ғана білетін шығар. Ал, қара қобызын бауырына басып, боздата күй тартатын талантымен елге әжептәуір танымал.

Қасымхан БУРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеті қат жер астында еңбек етіп жүрген Әлібек Өзбекұлы кеніштің білікті маманы, білгір электригі. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «Электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша жетік оқып, үздік тәмамдаған онда бірнеше тандау болды. Әсіресе, ол уақыт оқыған, токтың жас мамандардың қат кезі еді. Екі мекеменің біреуіне білікті электрик қажет-ті. Тіпті, дипломын сандыққа сақтап қойып, өнер жолына толық бетбұрыс жасаса да, несібісіз қалмайтын еді. Бірақ, ол «Өнерімді де өлтірмейін, өндіріске де өзімнің оқығанымнан үлес қосайын», деп шешеді. Сөйтіп, Әлібек әбден машықтанған электрик маманы болып шыға келеді.

Бұл қауіпті мамандық болғандықтан, қателесуге болмайды. Ел ішінде, «Электрик бір-ақ рет қателеседі» деген белгілі сөз бар. Электрик үнемі жоғарғы, төменгі кернеулі токпен жұмыс істейтіндіктен, міндетті түрде техника қауіпсіздігіне жете көңіл бөлуі керек. Бұл – бұлжымас заң, басты шарт. Электр тоғының иісі, шуы жоқ, қауіптің қай жағынан келетінін бағамдау өте қиын. Сол себепті жұмыс үстінде сақ болу

қажет. Оның үстіне жер астындағы жұмыстың да өз қиындығы бар. Үлкен электрлі двигателдер, сорғы қондырғылары, өндірістегі алып техникалармен жұмыс істеу кезінде тәуекелге бас тігу қажет. Сонымен қатар, берілген тапсырмаларды мүлтіксіз атқару үшін жауапкершіліктің жүгі де ауыр, – дейді Әлібек Өзбекұлы.

Қара жұмыстан қашпаған Әлібек ауыр сым орамасын нығына артып алып, ақауы бар жерге жетеді. Өйткені, өндірістегі жұмыс процесі сағат тырсылындай тақылдап тұруы аса маңызды. Кеніште электр қуатынан кедергі келмеуі тиіс. Ал мұндай маңызды шаруа Әлібек секілді жауапты мамандардың ғана қолынан келеді. Маңдай тер төгіп, ақ адал еңбек етіп жүрген Әлібек мырзаның өндірістегі әлемі осындай. Ал, өнердегі ше?

Қазір отбасылық құндылық мәселесіне қоғамдық мән беріліп, мінберлерден жиі айтылып жүр. Әлібектің өсіп-өнген өнегелі шаңырағы – ұстаздар отбасы. Өзбек әкесі білім саласына бір кісідей еңбегін сіңірген қайраткер. Анасы Сәурау да – ұлағатты ұстаз. Алтын құрсағынан жеті бала өрбіткен аяулы ана. 40 жылдай ұстаздық етті. Ұл-қыздарының барлығы – жоғары білімді, әр саланың майталман мамандары.



Өнегенің өрісіне, ұлағаттың ұясына айналған шаттықты шаңырақты отбасылық ансамбль десе де болады. Шетінен ән дарып, күй қонған өнерпаздар. Электрик ұлы Әлібекінің өзі неге тұрады?! Шанағына қасиет қонған қыл қобызымен күйкылжыта ән салып, Ықыластың «Шыңырауын» боздата жөнелтетінін өнер майталмандары маңғаздана айтады.

Осылайша өндіріс саласында ұзақ жыл еңбек ете жүріп,



Еңбек адамы

бектің бойыннан, әрине, өнер жазып шығады.

Өндіріс саласында біліктілігімен сыйлы, өнерде талантымен танымал Әлібек мырзаның өзі бүгінгі күні асқар тау әкеге айналған. Шаңырағының ұйытқысы Нұргүл екеуі екі ұл, бір қызды тәрбиелеп отыр. Үлкені Ескендір С. Сейфуллин атындағы гимназияның жоғарғы сыныбында оқиды. Ал, Ғалысы мамандандырылған музыка мектебінде білім алып жүр. Кішкентай кенжесі Бегім-сұлу да әнді тамылжып тыңдап, арақидік ызындап қосылып қояды. Балапандарын өнерге баулып жатқан шаңырақтың басты шартына еңбекпен де өсіру кіреді. Үй мен түздегі әркімнің өз атқаратын жұмысын үлестіріп берген Әлібек әкелерінің тапсырғанын екі етпейді. «Бізді де әкеміз ең әуелі еңбекке үйреткен», дейді.

Бір өзі күйші де, әнші де Әлібектің өнерін ұжымдастары аса құрметпен бағалайды. Кеніш әкімшілігінде ұйымдастырылатын мерекелік кеш, салтанатты рәсім Әлібексіз өтпейді.

Қара алтын да, қара қобыз да – қазаққа ежелден қазына. Ендеше елеулі электрик, майталман маман, озағ жұмысшы, жырышы-күйші Әлібек Бимендиннің қазыналы тұмыры осылайша мағыналы жалғасып жатыр.

Суреттер кейіпкердің мұрағатынан

Құрылыста қарқын да, түйткіл де бар



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ондай мәмілелердің қатарында алдын ала брондау шарты, инвестициялау шарты, талап ету құқығын беру шарты бар. Яғни, мұндай шарттар жасауға үй салып жатқан бірде-бір компанияның хакисы жоқ. Мұны көзі ашық, хат танытын қауым біле жүруі тиіс.

Бүгінде «Отбасы банкінің» мамандары Қарағанды қаласындағы құрылыс компаниялардың бірде-біреуінде Қазақстан тұрғын үй компаниясының сақтандыруы, кепілдігі жоқтығын айтады. Сол себепті де ондай компаниялар «Отбасы банкімен» жұмыс істей алмайды. «Отбасы банкі» тек әкімдіктің үлескер тартуға рұқсаты бар рұқсатнамасы және «Отба-

сы банкімен» тұрғын үй компаниясының келісімі болған жағдайда ғана несиелендіруге пейілді. Ал, ондай компаниялар Қарағандыда жоқ екенін жоғарыда айттық. Яғни, бұған дейін айтқанымыздай, егерде салынып жатқан үйге қаржы құйсаңыз, оның салмағы да, алмағы да өзіңізде. «Әкімдік не қарап отыр?» деген айғай-сүрең бұл арада жүрмейді. Әкімдік ескерткенімен, әлеумет құлақ аспай жататыны да өтірік емес. Сол себепті де, заңсыздықтар анықталған жағдайда жергілікті билік тарапынан қандай да бір қолдау күту – негізсіз. Өйткені, құзырлы орындардың жарғақ құлақтары жастыққа тимей, жұртшылыққа ұдайы айтып, хабарлаудан құр қалған кезі жоқ. Сауат-

тылық пен жауапкершілік қажет мұндайда.

Құрылыста өсім – 18 пайыз

Ресми орындардың мәлімдеуінше, аймақта жалпы құрылыстың қарқыны едәуір. Пайызға шаққанда 18 пайыз өсімді көрсетіп отырса керек. Бұл шаршы метрмен өлшегенде – 500 мың шаршы метр екен. Мұның барлығы дерлік ендігі мәресіне жетіп те қалған көрінеді.

Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұрат Мағзин бұған дейін мәлімдегендей, жалпы көлемнің 76%-ы коммерциялық тұрғын үйге тиесілі. Облыс бойынша кезекте тұрғандарды қамтамасыз ету

үшін 14 жалға берілетін тұрғын үй жобасы іске асырылуда. Несиелік тұрғын үй құрылысы да жалғасуда.

– Биыл Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі әлеуметтік осал санаттағы кезекте тұрғандарды жалдамалы тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа тетігін әзірледі. Атап айтқанда, биылдан бастап, жалға берілетін тұрғын үй жеке құрылыс салушылардан сатып алынды. Тұрғын үй сатып алу бекітілген жол картасы мен қаржыландыру жоспарына сәйкес кезек-кезеңімен жүзеге асырылады, – деді басқарма басшысы. Ал, осы жылы тұрғын үй салу және сатып алу есебінен кезекте тұрған 1 635 отбасы баспанамен қамтамасыз етілуі тиіс екен.

Түйін

Бір жылдары томардай боп түйілген баспана мәселесінің түйіні осы күні тарқатылған. Соңғы жылдары көпшіліктің үй алуғағы үлесі зор. Бұдан бұрынғы ахуалмен салыстырғанда тұрғын үй құрылысындағы көш түзу. Құлайдың құтты күні құрылыс басталып жатқан коммерциялық үйлерді айтпағанда, үйге берілетін мемлекеттік несиелер де елді өкпелетіп отырған жоқ. Бұрын басыңызда үй атымен жоқ болса ғана жеңілдетілген несиемен пәтер алуға хақылы едіңіз. Енді қазір қос-қостап алсаңыз да, ешкім «тәйт!» демейді. Төлей алатын жағдайыңыз жетсе, жарады. Тек кей түйткілдеріне назар аударуды ұмытпаған жөн.

• РЕСМИ

Халық партиясы жылды қорытындылады

Қазақстан Халық партиясының Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша филиалдары биылғы атқарылған жұмыстарына қорытынды жасап, есептік жиынын өткізді. Жиынға ҚХП төрағасы Ермұхамет Ертісбаев, облыстық, аудандық филиал мүшелері және депутаттар қатысты.



Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

халықтың ең өзекті мәселелерін көтерді.

Қарағанды және Ұлытау облыстары филиалдарының төрағасы Халел Максұтов өткен жыл партия үшін жемісті болғанын айтады. Мәселен, Қарағанды облысы бойынша 345, ал, Ұлытау облысы бойынша 114 адам ҚХП қатарына енген. Одан бөлек, екі облыс бойынша партия идеологиясын қолдайтын ұйымдармен он алты меморандумға қол қойылған.

Жыл түрлі саяси оқиғаларға толы болғанына да тоқталды Халел Мұқатайұлы. Мұндағы ең маңыздылардың бірі – елімізде атом электр станциясын салу жөніндегі республикалық референдум болды. ҚХП оны қолдау үшін үгіт-насихат жұмыстарына белсенді қатысты.

Қарағанды және Ұлытау облыстары филиалдары жастармен жұмыста да белсенділік танытып, түрлі шараларға атсалысты. Сондай-ақ, қоғамдық бастама негізінде жұмыс жасайтын филиал қызметкерлері түрлі акциялар ұйымдастырып, онға жуық қайырымдылық шараларын өткізді, – дейді облыстық филиал төрағасы.

ҚХП-ның елдің қоғамдық өміріне қатысуы да өте белсенді. Тікелей эфирлер, дөңгелек үстелдер, конференциялар мен пікірталастар барысында партия

Сурет ұйымдастырушылардан

Жаңа өмір жаршысындай жаңа қоныс

Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақтоғайда жаңадан бой көтерген қос пәтерлі екі тұрғын үй пайдалануға берілді. Қоныстой иелерінің қатарында пәтер алу кезек тізіміне тіркелген көпбалалы, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі жандар және тағы басқалар бар. Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов салтанатты шараға арнайы қатысып, пәтер кілттерін табыстап, қуаныш иелерін құттықтады.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ең алдымен көпбалалы және аз қамтылған отбасылар, мүмкіндігі

шектеулі жандарды баспанамен қамтуды жолға қойып отырмыз. Сонымен қатар, біз тұрғын үй мәселесін шешу үшін жергілікті кәсіпорындардың мүмкіндіктерін пайдаланудымыз, барынша жан-жақты жұмыстар жүргізудеміз.

Жаңа қоныстой иелерін қуаныштарымен құттықтап, құт-береке, амандық тілеймін, – деді Абылай Аманжолов.

Жаңа қонысқа қоныстанған отбасылар Ақмарал Кәріпбаева, Айнагүл Исинова, Назгүл Қожанова, Гүлжан Исағұлова ризашылығын жеткізді.

– Бүгін – біз үшін өте ерекше күн. Себебі, бұл күнді қаншама жыл күттік. Баспаналы болғанымызға қуаныштымын. Балаларға да жаңа аудан қатты ұнады. Осындай қолдау үшін мемлекетке



Президент тапсырмасын орындай отырып...

алғысымыз шексіз!, – деді Ақмарал Кәріпбаева.

Рәсімнен кейін аудан басшысы тұрғындармен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыт-бағдары, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы туралы айтып, жиналған жұртшылықтың ұсыныс-пікірлеріне ден қойды.

Ақтоғай ауданы

Айтыскер ақын, жыршы Тілеген Әділов – 50 жаста

Бабалардың үнінен қуат алған

Батырлар жырын, одан бергісі Бұқар жырау, Доспамбет, Қабылса, Ақтамберді, Қазтуған, Шалкиіз, Махамбеттердің жырларын оқығанда, нендей күй кешесіз? Кеуденің түпкірінде ұлы дүмпулі сезерсіз, бәлкім?! Тұла бойыңыз сергіп, жон арқаныз шымырлап шыға келеді. Мауыраған, бұқпантайлаған рухты сілкіп-сілкіп алатын дұға ма дерсің. Немесе, Жаратушы жаратқан Рух деген құдіретті процессорды оятатын «Ұлттық код!» Бүгінде осы эпикалық сарында қалам тербейтін ақындар саусақпен санарлық. Сол санаулы шайырлардың бірі де бірегейі – Тілеген Әділов. Тілеген жырау! Жырау деп ат қойып есім еншілеткен де – қалың оқырман, халықтың өзі. Айтыскер ақын, жыршы деуге де әбден жарасарлық. Көркемдік деңгейде бабалардың салқар сарынымен сөз саптап, түмен елді аузына қаратқан талантты айтыскер. Қарабайырлықтан ада. Бабалар мұрасының нәрі бойына сіңіп кеткендей. Қайсысына жатқызсақ та, шығар тұғыры биік. Бұған халық куә!

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі қаламгерлердің арасында қазақтың архаизмдерін теріп алып, жыр құрастыратындар жоқ емес. Жыраулық сарынды жаңғыртамыз деген ниетпен, әрине. Бәлкім, өзгелерден дараланғысы келетін де шығар? «...Өтірдің ісі бұрқырап, жасанды жырынан, Мың ақын келеді жыр құрап» (С.Сағынтай). Жанды өлең мен жансыз «такпақтың» ара-жігін ажырату үшін де төбе көзі керек. Оқырманның да оқырманы бар. Жұрттың бәрі талантты оқырман болса, баяғыда-ақ қоғам ізгілікке жетер еді-ау?! Жә, ол енді басқа өңгіме... Тілеген Әділовтің өлеңдеріне жүрек назарын бұрсаңыз, көз алдыңызда ат үстінде қамшысын әрі-бері сермеп, бұрқылдап сөйлеген байырғы ерлер көлбеңдейді. Жасанды тіркес табылмай-

ды. Ішіндегі бір әуенмен үндесіп тұрады. Мәселен, «Жоқ іздеу» деген өлеңіне үніліңіз.

Желсе...
Жер танабын қуырған,
Шашасы терге жуылған.
Шоктығы Алатаудай,
Қабырғасы Қаратаудай.
Қос көзі жүлдыздай,
Терісі құндыздай.
Бұтынан бұлған өтетін, –
Қолтығынан құлан өтетін.
Қос құлағы ашасындай бақанның,
Қос танауы ауызындай апанның;
Сауырына Сарыарқа сиятын,
Бауырына Жаңаарқа сиятын;
Екпіні тас құлатқан,
Жанардан жас құлатқан, – деп қиялының шексіз жазығында көсіле шапқан қазанатты суреттейді. Гажайып суреттеу емес пе? Әйгілі кылкалам шебері Леонардо да Винчи «Сурет – көзге көрінетін по-



эзия, ал, поэзия – құлаққа естілетін сурет» деген екен. Расында да, поэзия – сөзбен сурет салатын мәртебелі сөз өнері. Ақын мұнда қазанатты ғана емес, ер жігіттің

улер төгілмесі айдан анық ақиқат. Тілеген Әділов – Иманжүсіптей «Бұғылы мен Тағылыда бұркіт салған» ақын ғой. Өзі суреттеп отырған қазанат – дала төсінде тұлпар баптаған кез келген батыл жігіттің аңсары. Екпінінен туған даласының дауысы сезілетіндей. Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұртынан» естілетін сарын бар мұнда. «Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған...».

Басқасы басқа, жылқы десе ішкен асын жерге қоятын казакқа қазанат аса кәстерлі. «...Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» дейміз.

Сүрінгенімді білдірмейтін,
Душпанымды күлдірмейтін,
Бармағын бүкпейтін,
Жауымды бүктейтін,
Қауіптің қара бұлтты тұрса да,
Қабырғасы сынса да,
Қабағын шытпайтын,
Туымды жықпайтын,
Мұзға салсаң,
Табанына сыз батпайтын,
Шоққа салсаң,
Табандап міз бақпайтын,
Мен үшін қан қақырған,
Көз ілмей таңды атырған,
Жауырымыма қадалған жібені
Тісімен жүлатын,
Өлгенде тәнімді
Жиіркенбей жуатын,
Аузымды толтырып айтуға

тұратын
Азамат іздеп келемін!
«Қабырғасы сынса да, қабағын шытпайтын, туын жықпайтын» нендей азамат ол?! «Мұзға салсаң,

Табанына сыз батпайтын, Шоққа салсаң, Табандап міз бақпайтын» кім бар мына жұмыр жердің үстінде? Жанымыз кеудемізден ұшып шыққанда, тәнімізді жиіркенбей жуатын дос бар ма өзі бізде?! Бұл – әр саналы адамды ойға батыратын толғақты сұрақ.

Ақын бұл шумағында достың досқа деген шынайы махаббатының қандай болатынын тұспалдап тұр. Досты да осылай жақсы көреді. Мұндайды ақын айтпағанда, кім айтады? Тек шынайы, боямсыз махаббат қана адамды көзсіз ерлікке жетелейді.

Қазақ әдебиетінің қоржынында досқа жазылған небір галамат өлеңдер бар, әлбетте. Бірақ, осы бір гана шумақтың жөні бөлек деп күмәнсіз айта аламыз.

Өлеңнің тақырыбы да тартымды. Неге «Жоқ іздеу?» Ақын алып құрлықта қазанаттымен, «Жауын бүктейтін» азаматымен жорытқан байырғы қазақтың дәуірін аңсай ма екен?!

Арқада жазғанына марапат, атақ сұрамайтын, өзгенің мойындауына мұқтаж емес, азаматтығы мақтауға тұратын бір ақын бар. Ол – Тілеген Әділов, Тілеген жырау. Батырлар жыры мен дастандардың құнары бойына сіңген. Байтақ Қазақстанның қай қиырынан кім келсе де, осы Тілеген жырауды іздейді. Себебі, ол сөйлегенде сонау Қазтуғандардың заманына өтіп кеткендей күй кешіп отырсың. Еріксіз «Арқаның елі-ай» дегізеді.

«Өлеңнің боз күлігін таң асырдым...»

Тілеген ӘДІЛОВ

ЖОҚ ІЗДЕУ

Желсе...
Жер танабын қуырған,
Шашасы терге жуылған.
Шоктығы Алатаудай,
Қабырғасы Қаратаудай.
Қос көзі жүлдыздай,
Терісі құндыздай.
Бұтынан бұлған өтетін,
Қолтығынан құлан өтетін.
Қос құлағы ашасындай бақанның,
Қос танауы ауызындай апанның;
Сауырына Сарыарқа сиятын,
Бауырына Жаңаарқа сиятын;
Екпіні тас құлатқан,
Жанардан жас құлатқан.
Жортса...
Жотадан жотаға жоситын,
Кісінең кісі шоштитын,
Ту құйрығы бір тұтам
Қазанат іздеп келемін.

Тәнімді самалға сергітіп,
Ас орнына жел жұттып,
Алақаныма Бөрі бұршақ салғанымда,
Бүгіліп, бөрі құрсақтанғанымда,
Сүрінгенімді білдірмейтін,
Душпанымды күлдірмейтін,
Бармағын бүкпейтін,
Жауымды бүктейтін,
Қауіптің қара бұлтты тұрса да,
Қабырғасы сынса да,
Қабағын шытпайтын,
Туымды жықпайтын,
Мұзға салсаң,
Табанына сыз батпайтын,
Шоққа салсаң,
Табандап міз бақпайтын,
Мен үшін қан қақырған,
Көз ілмей таңды атырған,
Жауырымыма қадалған жібені
Тісімен жүлатын,
Өлгенде тәнімді
Жиіркенбей жуатын,
Аузымды толтырып айтуға тұратын
Азамат іздеп келемін.

Қаладан далаға қонып,
Даладан қалаға қонып,
Қазанат іздеп, Азамат іздеп қаңғырып,
Күнді түнге, танды, міне, таңға ұрып,
Таба алмай жүрмін, қарағым,
Таба алмай түбі қаламын,
Қиялдай-қиялдай мен осы
Қияли болып барамын.

ТҮСІМДЕ

Түсімде.....
Күллі күріңістердің ішінде...
Бақыт Беделхан

Түсімде,
Ішкінен емес, сыртынан

Көмесіп, жан-садақа деп ұлтымнан,
Арымды төмен түсіріп құлқыннан,
Не деймін, қамқоршысы боп халықтың,
Кедейдің балығын тартып алыппын,
Қылтандап... қан ағып жатыр ұртымнан.

Түсімде,
Өнімдегіңдей түр-тұлғам,
Жағасы жейдемің тозып, қырқылған.
Етігім тегісі кетіп, жыртылған.
Қоқыстан бөтелке теріп, табыстан,
Бас жазып, қан жүгіртіп, намыстан,
Айырылғам әдет-ғұрпыманнан.

Түсімде,
Барымта қылып түнде мен,
Ұрлықтан жегенім – семіз кіл дөнен,
Байлардың тойын басқарып жүрмін
күнде мен,

Қасқаға жағынып бас-басын,
Шақшасын мақтап әндітеп, ақшасын
Алмақ боп, сүйеніп жаққа, тілменен,
Дос болып, би билеп сайтан – қымменен,
Түсімде өзгеріп жүрмін мүлде мен.

Түсімде,
Терісін илеп жылқының,
Жейдемің бүтіндеп жүрмін жыртығын,
Ұйқы жоқ, жүрекке бермей жыр тыным,
Оянсам, жанардан аққан жасыма
Суланып жығылып жатыр кірпігім,
Түс болып, тезегі болмай түлкінің.

ҚАРА ШАНА

Қара жерге қар түсіп қарашада,
Жауған қарға мәз болып бала-шаға.
Қырбық қардың үстімен сырғып барад,
Қара бала сүйреткен қара шана.

Ойнасам ба қосылып бала құсап,
Жаяр дейсің кім маған дара құшақ.
Уақыт сырғып, барады уақыт сырғып,
Қара бала сүйреген шана құсап.

Қара шана із салып бара жатыр,
Салған ізін қар көмер қара да тұр.
Әппақ қармен сырғыған сол шананы,
Қарсы алдынан күтіп тұр қара тақыр.
Қара тақыр дегенім қара жер ғой,
Қара жерге тіреліп қалады ақыр.

Тотығарсың,
бозарып ағарасың,
Мейлі жаның шөліккеп қаталасың.
Табақтас боп жүргендер тарылса егер,
Кім бере қояр дейсің адал асын.
Бұл тірліктің ақ қары таусылғанда,
Қара жерге сен де ертен қадаласың.

Қара шілік қалтырап дала сұлық,
Қара суға мұз қатқан, қара суық.
Ойнап жүріп білмеді күн батқанын,
Қар мен терге су болып қара шұлық.
Қарасы үйдің көрінбей қалған кезде,
Қараша үйге жүгірді аласұрып.

Әлгі бала білмеді күн батқанын.
Ымырт жайлап, жапқанын түн қақпағын.
Аттамаған ешкімнің ала жібің,
Таптамаған бала ғой мұң батпағын.

Қалаға түр тұмсығын түн матырып,
Аспандағы ай сұлық, сырға тұнып.
Дүниенің шанасын сүйреп жүріп,
Біз де бір күн алармыз күн батырып.

КІСІ КИІК

«Сол кезден-ақ мұңды кісікік ем...»
Серік Сағынтай

Ісі биік...
Ізетпен тұратұғын кішірейіп.
Түсінейік...
Өзегі өрт боп жатқан, іші күйік,
Сағымдар арасынан сені іздеймін,
Елден жырақ бөлінген кісікік.

Елден жырақ бөлінген тұйық кісі,
Сен едің ғой бауырдың иықтысы.
Әлде қашан ісінген жүрегімді
Иткісі келеді, иткісі,
Мен сені сағындым ғой Киік кісі.

Кісікік боп барам мен де, бірақ,
Жүйтік-жүйтік шаршадым
желмен шұбап.

Көк аспанға киіктей шапшығанмен,
Кете алмаспыз ажырап жерден, бірақ.

Кісікік – шаршадым қала жақтан,
Бір дүбір естіледі дала жақтан.
Алтуайттың бауырынан киік көрдім,
Есіл жаққа есіліп бара жатқан.

Күйігін басамын деп қанша мына,
Кінігін бауырындағы аңсады ма?
Жыланды жылап-жылап жатып қалды,
Өзіңді күте-күте шаршады да.

Қайран киік ойларым жамыраған,
Үркіп-қашып даңғазға дабырадан.
Түсіме қасқа киік кіреді ылғи,
Есілден елге қарап маңыраған.

ТАРЛАН КӨК

Ей, тарлан көк, тарлан көк!
Сені қайдам...
Менде әлі арман көп.
Терің сінген терлігіңді иіскейін,
Одан басқа дәтке қуат қалған жоқ.

Ей, тарлан көк, тарлан көк!
Сені қайдам...
Менде әлі арман көп.
Сағағыңнан, сауырыңнан сипайын,
(Жәудіреткен жырларымда жалған жоқ)
Әкем кеткен, еркелетер анам жоқ,
Кекілімінен сипайтұғын «Қарғам» деп.
Ей, тарлан көк, тарлан көк!
Сені қайдам...
Менде әлі арман көп,

Ауыздықты қаршылдатып шайнайсың,
Бармағымды мен де шайнап алғам көп.

Ей, тарлан көк, тарлан көк!
Сені қайдам...
Менде әлі арман көп.
Сенде – тұяқ,
жырдан басқа
менде дәулет қалған жоқ,
Күлдір-күлдір кісінейсің күркіреп,
Ей, тарлан көк, тарлан көк.

АБАДАН

Жолақ-жолақ жолдары бар ақ шулан,
Азуынан от шығатын ашудан,
Арықтығын білдірмейтін бөрі едім,
Таутеке еді таңғы азық қорегім,
Қар астында қақпаңа да қаптырмай,
Қар үстінде аңшыға да алдырмай,
Аман өткен талай-талай асудан.

Иә, иә, абадан ем тұз қатып,
Май табанын шығма салып, сызға тік,
Шаптан қысып сары аязы даланың,
Ақпанда үсіп көрмеп еді табаным,
Сай жағалап кіл бөрілер кеткенде,
Айға қарап ұли берем, кектен бе?
Ұлығанда жанарыма жас келіп,
Құмығам ба?..
Тамағымға тас келіп,
Тырнағам, бауырыма мұз қатып,
Сан бөрімен таласқан ем құзда тік,
Қабырғама көрмеп еді тіс батып.

Олар мені, мен оларды талағам,
Емес еді олар да осал абадан,
Қаншық қоғам титықтатты төзімді,
Жаншып содан, қан талаған көзімді,
Талайының қарға басын қадағам,
Талайынан тісім сынып қанаған,
Тұлдыр денем, сарқылғанын күшімнің,
Білдірмегем қанағанын тісімнің,
Мен...
Былшығы жоқ, жанардан от тараған,
Тыртығы көп, қылшығы көк абадан.

Денемді де тіп-тік ұстап, арымды,
Мен оларға көрсетпеймін қанымды,
Себебі –
Қанды көріп қуанады қастарым,
Мұз аралас таудың тарғыл тастарын,
Тәнді қарып жара аузына жастадым,
Күдірейген түсіргем жоқ жалымды,
Қар аралас қан ұйыған жерімді
Бауырыма басып жатам жасырып,
Өңкей қорқау жабылар деп басынып.

КӨКПАР

Тірліктің тұрмандарын түгендетіп,
Алаңдап айға қарап аласұрдым.
Жүректі жауһар жығға жүгендетіп,
Өлеңнің боз күлігін таң асырдым.

Боз күлік боз жусанға құлай шапты,
Қысқартып айылымды доғасынан.
Қамшы бар жылан бауыр шырғай сапты,
Өнердің мен де кірдім додасына.

Аттаңдап атағымен ат байлатып,
Қапталдап ақ серкені бастырмайды.
Шап беріп шаужайымнан қақпайлатып,
Адымын күлігімнің аштырмайды.

Бір көкем жетектесе жақын тартып,
Бір көкем кня берді тізгінімді.
Түсінбей күлігімнің жалын тартып,
Түсіндей тоты құстың жүз құбылды.

Бірінің мінгені әне, арабы көк,
Жіберген шындық іздеп күштің бәрін.
Қияли ішіп алған арағы көп,
Түр әне тілмен татып тістің қанын.

Шөлдейсің, күн қақтайды маңдайыңды,
Алқынды өкпем талай қусырлыды.
Абайдың жырларымен таңдайымды
Жібітіп, бір қандырам сусынымды.

Қалғам жоқ қарау айтқан сөзге кейіп,
Додаға қайта кірдім қызықтадым.
Қамшысы бір есердің көзге тиіп,
Қасымның жырларымен ұшықтадым.

Жанталас, жанкештілік жұлқыныста,
Жатамын жас үйіріп жанарыма.
Аламын кеудемді ашып бір тыныстап,
Мұқанның жырларының самалына.

Тер тамған тоқымынан, таралғымнан,
Сөйтсем де күлігіме қайта мінем.
Жетелеп желдіреді ар алдымнан,
Өлеңнің көкпарына қайта кірем.

Оралып сүйіншілеп дәйім елге,
Жар болып жаратушы бір Құдайым,
Серкені өңгере сап қайың ерге,
Бозбелде боз күліктен бұлдырайын.

Шыдайым бұл көкпардың ақырына,
Шайырдың ояптаған жыры кімді.
Ақ серке сөзсіз тиер тақымыма,
Тәңірім, сүріндірме күлігімді!





• ТАНЫМ

Құрылтай – адал еңбек бірлестігі

1917 жылдың 20 қарашасына тағайындалған Бүкілресейлік құрылтайға депутаттардың партиялық тізіммен сайланатынына байланысты түрлі партиялар жедел құрыла бастайды. Омбыда ақпан төңкерісінен кейін құрылған саяси-қоғамдық ұйым «Қазақ еңбекшілерінің одағы» 1917 жылдың күзінде «Үш жүз» партиясына айналып үлгерді.



Қолжазба жасаған А. Косарев

Саяси партия құру ісіне «құрылтай» сөзінің қызмет етуін ескере отырып, бұл сөздің түпкі, құқықтық мағынасын ежелгі Римдегі «cot, құқық, заң» деген мағынадағы «сигіа» термині арқылы анықтауға болады.

Ғалым В.Яйленко «сигіа» әуел баста «с (o) u (i) гіа» деген тұлғада танбаланып, «ер адамдардың бірлестігі» деген мән-мағынада жұмсалғанын жазған.

Қазіргі мемлекеттік институттары іспеттес алғашқы азаматтық «ер адамдардың бірлестігіне» есі дұрыс, үйіп-баранды, малды, қарулы, қайратты адам ғана мүше бола алған.

Ежелгі ер-азаматтар бірлестігіне қатысты Абайдың да айтатыны бар ғой: «Балалық өлді билің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті көрдің бе? Кәрілікке көндің бе? Кім біледі сен кәпір, Баяндыдан сөңдің бе? Баянсызға төндің бе? Әлде, айналып кім білер, Боталы түіе шықылды, Қорадан шықпай өлдің бе?» деп.

Адамзатта «қызметкер» деген құқықтық мағынада қолданылатын Абай өлеңіндегі «бала» да, «жігіт» те қазақ қоғамындағы қарым-қатынасты реттеуші қызметін атқарған құқықтық терминдер мәртебесіне ие сөздер.

М.Әуезов те «Абай жолы» роман-эпопеясында әкесі Құнанбайдың қарамағына қызметке қайтып оралған Абайды «бала шөкірт» деп, Тобықтының бір үлкені жанына ерткен жас жолдасы іспеттес Жиреншені «бала жігіт» деп ілкі құқықтық мағыналарына сай атайды.

Абай да «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңінде «еңбек» сөзін әркімнің қоғамға, көпке пайдалы, жақсы қызмет қылуы мағынасында қолданған: «Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазақта қара сөзге дес бермедім. Еңбегінді білерлік еш адам

жөк, Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім».

Бұл өлеңде Абайдың айтып отырған «Қазақта қара сөзге дес бермедім» – құқықтық саяси қызметі.

XIX ғасырдағы ғалым В.Радлов «қазақтың «қара сөзі» – ислам дінінің ықпалына ұшырамаған, қазақтың таза ұлттық ақыл-ойлары мен өлеңдерінің ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей келе жатқан ауызша жинағы» дейді. Абайдың қазаққа қылған қызметі, адал еңбегі де осы – қазақтың ұлттық құқықтық ой мәдениетін ала қағазға түзу сөзбен түсіріп, халыққа таза және толық жеткізді.

Қазақ тіліндегі «еңбек» сөзінің көне «михнат», «бейнет» деген мағыналарына қарағанда ер адамдардың саяси бірлестігі де қоғамдағы еңбек бөлінісінен шықты дегуе негіз бар.

Абай да өз заманындағы әлеуметтік топтарды еңбек бөлісіне қарай сипаттама берген, қазақ ішінде бай, мырза, болыс, би, мықты, есті кісі, ғаріп-қасар бишара, қу мен сұм, құттылар, сүттілер, жақсы аталар бар деп.

Тіл білгірі Н.Маррдың түсіндіруіне сай «бар» сөзі де көне құқықтық термин, мағынасы «бүкіл ұжымның мүшесі». Осы тұрғыдан алғанда «Алаш» партиясының қазақты әртүрлі әлеуметтік топқа бөлмей, біртұтас, ұлттық бірлестік деп қарағаны заңды іс болатын.

Әлихан Бөкейхан «Бүкілресейлік құрылтай құдайдан соңғы күшті, мұның ісін бұзатын мәжіліс үкіметі жок. Бұл барша Русия мемлекетінің негіз заңын басқарады, мұнда барша қазақтың да ісі қаралады» деп бағалаған құрылымды сайлауда жеңілген большевиктер 1918 жылдың 19 қаңтарында бүлік шығарып, күшпен таратып жіберіп, басқа партияларға қуғын-сүргін жариялаған кезде елде азамат соғысы басталды да кетті.

Азамат соғысының тарихы та-

лай сөз болған, сол себептен біз алғы тақырыптан ауытқымай 1919 жылдың 1 желтоқсанындағы Семейде тұрған Қолчак горнизоны солдаттарының түнгі төңкерісіне тоқталайық. Қаладағы билікті қолға алған әртүрлі әлеуметтік-саяси көзқарастағы ағымдардың 14 өкілдерінен тұратын әскери-революциялық комитетін «ер адамдардың бірлестігі» дегуе келеді. Түнгі төңкерістен екі-үш күн өткенде қалаға Мамонтовтың түрлі-түсті партизандық армиясы кіріп, бірлестіктің құрамы 24-ке жетеді.

Желтоқсанның 16-сында Семейге Ресейдің орталық атқару комитеті «Сібірдегі азаматтық басқаруды ұйымдастыру туралы» қаулысымен 1919 жылдың 27-тамызында құрған Сібір ревкомының өкілі П.Голиков келіп, большевиктік билік бекіткен мандаттары бар үш адамнан тұратын Семей губерниялық ревкомның құрамын жария еткен соң бұл бірлестік өз қызметін тоқтатады. (Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы Қ-200 т.1 іс.140, Қ-72, т.1, іс 7. Ары қарай ҚЗТҚО).

1920 жылдың 18 қаңтарында Семейге жергілікті жағдаймен танысуға Сібір ревкомының мүшесі В.Косарев келеді де, қаладағы қазақ еңбекшілерімен бірнеше кездесулер өткізеді (ҚЗТҚО Қ-72 т.1 іс. 21, 41,47,76,147 бб.).

Бұл жолы В.Косарев Омбыдағы Сібір ревкомының 1919 жылдың 2-желтоқсанында губерниялық, уездік ревкомдарда қазақ секцияларын, болыстық және ауылдық ревкомдарды құруды ұйымдастыру керек деген шешімін орындау үшін келген еді (ҚЗТҚО Қ-72 т.1 іс. 4, 6, 6).

Еңбекшілердің бас қосқан жиналысында Семейдегі губерниялық ревкомның құрамына өткен Жақсылық Төленұлы 1920 жылдың 13-ақпанында қазақ қайраткерлерін заңсыз қамауға алу фактісіне қатысты жазбаша баяндама түсіргенде өзін «член губервкома от киргизской

рабочей партии» – қазақ еңбекшілер партиясынан деп көрсеткен (ҚЗТҚО Қ-72 т.1 іс. 18, 304 б.).

Бір қарағанға сол кезеңде ресми тіркелген, советтік билік таныған қазақ еңбекшілерінің партиясы болмағандықтан Ж.Төленовтің дүниеге жоқ партияның өкілімін деуі заңсыз дегуе келер.

Дегенмен, В.Косарев Семейдегі қазақ еңбекшілерінің басын құрап, олардың құрылтайын ұйымдастырып өткізуді – ел ішінде адал еңбек адамдарының бірлестігі болғанына дәлел. Тек тиісті саяси құрылымдық деңгейге көтеру мәселесі дер кезінде қолға алынбай қалған іс еді. (Движение Алаш. 2011. Т.1. 150 стр.)

1920 жылдың 16 ақпанында губервком мүшелерінің арасында қызметтік міндет бөліскенде Ж.Төленұлына қазақ секциясы жұмысы тапсырылады (ҚЗТҚО Қ-72 т.1 іс. 21, 76 б.).

1920 жылдың қаңтарында Қарқаралы мен Семейде 5-ші армияның 59-шы дивизиясының ерекше бөлімі қазақ қайраткерлерін заңсыз қамауға ала бастайды.

Бұл заңсыздық фактісі Ж.Төленұлына мәлім болғанда, ол 4 ақпан күні 800000 қазақ халқының атынан қарсылық білдірген наразылық телеграммасын Орынборда отырған Қазақ төңкеріс комитетіне жолдайды.

Елдегі саяси күштердің күш сынасқан күндестігінен хабардар Ж.Төленұлы 4-ақпанда Сібиркомға да телеграмма соққан.

Қазақ төңкеріс комитеті Төленұлының телеграммасын ресми отырысында 10 ақпанда қарайды. (Орталық Мемлекеттік Мұрағат Қ-14. т.-3, іс-17, 7-бет; Қ-14, т.1, іс- 104, 1-б. ары қарай ОММ)

Омбыдағы Сібирком Косарев «саяси себеппен ұсталғандарды губервкомның 2 мүшесінің кепілдігімен босатуға болады» деп 9-ақпанда абақтыдан азат етер заңды жол көрсетіп, жедел жауап қатқан. (ҚЗТҚО Қ-72 т.1 іс. 29, 6,59.)

1919 жылы заң ережесіне сәйкес Семей Қазақ аймағын басқару жөніндегі революциялық комитетіне қарайтын. Сол себептен Кирревком киргиз Төленовтің телеграммасына сілтеме жасап, 5-армияның ревсоветімен хабарласуға міндетті еді. Ол міндетті орындауға олар 11-ақпанда ғана кірісуге мәжбүр болады (ОММ Қ-14, т.1, іс 61, 19 б.).

Ж.Төленұлы 13-ақпанда Семей губервкомның қарауына да қазақтарды қуғындау фактісі туралы жазбаша хат түсіреді. Губревком нақты жауапкершіліктен жылдам жалтарып, мәселені негізсіз сылтау тауып қарамай тастайды. Төңкеріс комитеттерінің түпкі ниеті түсінікті де еді. Өркімнің мақсаты өз керегінде (ҚЗТҚО Қ-72 т.1 іс. 17, 6,2; іс-19, 6,84).

Пролетариат диктатурасына табынған топқа Абайдың «Адамды адам қылатын құрылтай – адал еңбек» деп атаған түзу жолды тандап алған қазақ қоғамы мүлдем керек емес-тін.

Марат АЗБАНБАЕВ

• ТАҒЫМ

Ұстаз – ұлы есім

Бүгінгі мақаламыздың негізіне арқауы – Ерман Жүрсінұлы. Ол – Евней Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің дене мәдениеті және спорт факультетінде жырма жылдан астам уақыт ұстаздық қызмет атқарған жан. Кеңес Одағының Қарулы күштері қатарында әскери борышын атқарып келгеннен кейін 1994 жылы дене мәдениеті және спорт факультетіне түсіп, 1998 жылы аталған оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп шықты. Университет қабырғасында оқып жүргенде қоғамдық жұмыстар мен спорттық іс-шараларға белсене атсалысты, өз тобының стажистасы болды және екінші курстан бастап, дене мәдениеті және спорт факультеті тағайындаған Бауыржан Момышұлы атындағы шәкіртақыны иеленді. Университетте оқып жүріп, футбол және күрестен спорт шеберлігіне үміткер атанды.

Педагогикалық еңбек жолын 1999 жылы Қарағанды қаласының №57 жалпы білім беретін мектебінде бастапқы әскери дайындық оқытушы-ұйымдастырушы лауазымында бастаған Ерман Жүрсінұлы 2001 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс кафедрасына оқытушылық қызметке шақырту алды.

Ерекен аталған оқу орнын таңдауы тегін емес еді. Асқақтаған армандар жетелеген жас жігітті арқа өңірі құшақ жая қарсы алды. Еск кезінен спортты өзіне серік еткен Ерман Жүрсінұлы футбол ойынын сүйіп ойнады және түрлі деңгейдегі жарыстар ұйымдастырды. Сол арқылы болашақ мамандарды тәрбиелей білді.

Бөкетов университетіне «Серпін» бағдарламасымен оқуға келген студенттерге футбол үйірмесін жүргізді. Студент жастарды спортқа баулып, облыс және республика деңгейіндегі бәсекелерде бақ сынатты. Жақсы жетістіктерге қол жеткізді. Өзі жаттықтыратын студенттерді өзінің балаларынан кем көрмейтін еді және тиісінше студенттер де ағайыларын құрметтей білді. Ұстаздарының айтқандарын бұлжытпай орындайтын жастар әр бейсенбі кешін асыға күтетін.

Ерман Жүрсінұлы факультеттің, университеттің қоғамдық өміріне белсене араласты. Өзінің ұстаздық еңбек жолында факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары және факультеттің әдістемелік кеңесінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқара білді. Болашақ маман тәрбиелеумен қатар, саламатты өмір салтын ұстана білген Ерман футболдан өтетін облыстық лигада бірнеше жыл өнер көрсетті.

Ғылым мен білімді ұштастыра білген ұстаз факультетте өткен халықаралық және республикалық конференциялардың ұйымдастырылуы мен өтуіне өзіндік үлес қоса білді. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің белсенді мүшесі болған уақыттарда биік мінбелерден



баяндама жасаған Ерман Қожамжаровтың бейнесі жадымызда мәңгі сақталмақ. Ол – бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша дайындалған бірнеше оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Оның авторлығымен шығарылған «Бастапқы әскери дайындықтың оқыту әдістемесі» атты оқу құралын еліміздің барлық оқу орнындағы әлі күнге дейін оқу үдерісінде пайдалануда. Бұл – ардақты ұстаздың шәкірт тәрбиелеудегі өзіндік бағасы.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Ерман Жүрсінұлының спорт саласына сіңірген көпжылдық еңбегін бағалай келе, 2019 жылы «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Бұл да болса, спортсүйер жанның ерен еңбегінің бағаланғаны деп сенімді түрде айтуға болады.

2024 жылдың 9 қарашасында Бөкетов университетінің «Жігіттің сұлтаны» спорт кешенінде Ерман Жүрсінұлы еске алуға арналған футболдан турнир өткізілді. Еске алу турниріне Қарағанды облысы мен Астана қаласының ЖОО командалары қатысты. Достары мен ағайын-туыстары жиналған додалы жарыста Ерман Жүрсінұлы еске алып, марқұмға Құран бағыштады. Сағыныш сезімін басқандай болған әлеумет турнирді дәстүрлі түрде жылда өткізіп тұруға уағдаласты.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Дене мәдениеті және спорт факультетінің ұжымы

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

«Өркен» сыйлығы өз иелерін тапты

Балқаш қаласында түрлі салада жетістікке жеткен жастарға қала әкімінің «Өркен» сыйлығы табысталды. Басым бөлігі оқуда, спортта, қоғамдық және кәсіптік қызметте озық ойымен төзге түскендер. Үздіктер анықталатын байқауда 14-35 жас аралығындағы белсенді және талантты жас балқаштықтар бақ сынады.

Жәлел ШАЛҚАР
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, марапаттау «Үздік жас маман», «Үздік жас жұмыскер», «Жыл оқушысы», «Жыл студенті», «Жас патриот», «Жас мемлекеттік қызметші», «Жас дарын», «Жас спортшы», «Жас кәсіпкер» сынды бірнеше аталым бойынша өтті.

Бас жүлде – «Жылдың жас көшбасшысы» сыйлығы. Бұл жүлде «Қазақмыс» ЖШС политехникалық колледжінің студенті Лияс Маррупка белсенді азаматтық ұстанымы және жастар бастамаларын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін берілді.

Қала әкімі Сапар Сатаев лауреаттарды құттықтай отырып, олардың қоғамдық

өмірге белсенді қатысуын, кәсіби дамуын және бар білімі мен қарым-қабілетін қала игілігі үшін жұмсап келе жатқанын атап өтті.

«Үздік жас маман» номинациясында Балқаш қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің компьютерлік техника операторы Андрей Наточев жеңімпаз атанды. Ол өз жұмысы барысында ақпараттық технологиялармен байланысты стандартты емес міндеттерді де сәтті шешеді және әлеуметтік жобаларға белсенді қатысып келеді.

Оқуымды аяқтаған соң мамандығым бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жұмысқа тұрдым. Жұмысым – өте қызықты және көпқырлы. Бірнеше жыл қатарынан мен ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған Жаңа жыл кешінде Аяз ата болдым. 2016 жылы мен әзірлеген «Еңбек Жолы» іс-шарасының логотипі әлі күнге қолданылып келеді. Сонымен қатар, Балқаш қаласының 80 жылдық мерейтойына орай логотип жасап, байқауға қатысып, екінші орын алдым. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының белсенді қатысушысымын. Аталған



Суреттің авторы Андрей Наточев

сыйлық 11 жыл бойы атқарған адал еңбегінің жемісі деп ойлаймын, – дейді Андрей Наточев.

Ал, Мағди Дүйсетай қазақша күрестен жаттықтырушы болып жемісті жұмыс істейді. Ол «Жас спортшы» номинациясында үздік атанды. Мағди 16 жылдан бері осы спорт түрімен айналысып, халықаралық турнирлердің жүлдегері, Қазақстан чемпионы және 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы ел чемпионатының екі дүркін жүлдегері атанған.

Үш жылдан бері жаттықтырушымын. Қазір қарамағымда 7 жастан 18 жасқа дейінгі жас аралығында 70 бала айналысады. Сабақтар тегін, Оқушылар сарайында өтеді. Өз тәжірибем мен білімді жас ұрпақтың бойына сіңіріп, оқушыларымның жақсы нәтижелерге қол жеткізгенін көру – мен үшін үлкен қуаныш. Ұлттық спортты дамып, оны әлем танығанын қалаймын. Мен бүгін «Өркен» сыйлығының иегері атандым. Бұл – менің жұмысымның маңызды және қажет екеніңді мойындалғаны, – дейді Мағди Дүйсетай.

«Өркен» сыйлығы осымен 15-ші рет табысталай отыр.

Ерен еңбек иесі

Бір балаға, оның ішінде, бір жерде тапжылмай 40 жыл жұмыс істеу – екінің-бірін қолынан келе бермейді. Жарты ғұмырыңды сол жерде өткізгенмен пара-пар. Ал, басқа емес, шахтада 40 жыл жұмыс істеу – бөлек әңгіме. Сонау бозбала шағында «Молодежный» разрезіне жұмысқа қабылданған Ғазиз Токов ағамыз аттай 42 жылын сарп етіп, осы жерден зейнетке шықты. Сәйкесінше, талай жылғы еңбегі еленді. Бірнеше орденді омырауына қадады. Қазір бала-шағасы да ер жетіп, өз алдына бір-бір үй тікті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақта «Тұңғыш немерені ағасы мен әжесінің бауырына салу» деген тамаша ұғым бар ғой. Ғазиз Ермекулы да үлкендердің қолында тәрбиеленген. Атасы 1925 жылы «Семізбұғы» руднигі енді ашылғанда кенші болып жұмысқа тұрыпты. Сол жерде 40 жыл еңбек етіп, зейнетке шыққан. Ғазиз ағамыз да атасының жолын жалғап, 1979 жылы Қарағанды тау-кен техникумына оқуға түседі. 1982 жылы тәмамдаған соң ауылға қайтып, Молодежный көмір разрезіне жас маман болып қабылданады. Сол уақытта кейіпкеріміздің жасы небәрі 21-де ғана еді. Өзі «Еңбек кітапшамды қолыма өмірімде бір-ақ рет ұстаған адаммын» деп күліп қояды.

– Зейнет жасына толғанымда

құжаттарымды жинадым. Жұмысқа қабылданған жылдары еңбек кітапшамда қол қойғаным есімде. Одан кейін қолыма ұстап, парақтап тұрғаным осы ғана. Дәл осылай айтсама құжат қабылдайтын мамандар аң-таң болды да қалды, – деді.

Жұмысқа алғаш тұрған жылдары эксковатор жүргізушісінің көмекшісі ретінде қабылданыпты. Одан кейін ауысымның шебер болып біршама жыл еңбек еткен. Темірдей тәртіп пен төзімнің, еңбектің нәтижесінде бұрғылау-жару участка башысының орынбасары, кейін башысы лауазымына көтеріледі. Әрі башылық міндетте 25 жыл қызмет етеді. Зейнет жасына шығар шағында башының орынбасары лауазымына қайта тағайындалып, қазір сол жерде әлі жұмыс жасап жүр. Соңынан ерген жастарға – ұстаз. Кешегі алдыңғы



толқын ағалар мен кейінгі толқын жастардың арасын жалғап тұрған – алтын көпір. Тәжірибелі маман иесі. Жер астына түсіп, көмір шығару – оңай емес. Ал, шахтада бұрғылау, жару жұмыстарын жүргізу – одан бетер қауіпті. Ондай жұмыстарды істейтін, жауапкершілік алатын маманның әуелі біліктілігі сыналады. Ал, Ғазиз ағамыздың талай жылғы еңбегінің, тәжірибесінің қандай екенін осыдан-ақ бағамдай беріңіз.

– Жұмыс болған соң түрлі жағдай болып тұрады ғой. Біздің жұмыс – бұрғылау және жару. «Мынау қалай болады екен?», «Дұрыс қойылды ма?», «Ойдағыдай жарылса екен» деп жұмыстың біткенше алаңдап жүресің. Жарылыс жұмыстарын жүргізбес бұрын құрал-жабдықтарды тексеріп, қажетті жерге жеткізесің. Қауіпсіздік ережесіне сай оны құрудың және орнатуың белгілі бір ара қашықтығы болады. Со-

ның бәрін дұрыс орнатып, дұрыс қоюың керек. Ең бастысы міндет – қауіпсіздік. Берілген участкенді бұрғылап, жарып біткеніңіше жаның жай таппайды, – дейді.

Бұлай қарасаңыз, ағамыз сонау 1980 жылдардағы жұқ көліктері мен XX ғасырдағы техниканың айырмашылығын көзбен көрген жан. Жұмысқа келген жылдарын еске алып, өзі тізгіндеген эксковаторы жайында сөз қозғады.

– Көмір өндірісінде эксковатор шөмішінің сыйымдылығы бес текше метр болатын. Қазіргі пайдаланып жүрген Hitachi маркалы эксковатор шөмішінің сыйымдылығы – 22 текше метр. Арасы жер мен көк. Мәселен, кезінде бір сағатта 500 тонна көмір шығарсақ, қазір 2000-3000 тоннаға дейін өндіреміз. 1980 жылдары мініп жүрген «БелАЗ» жұқ көліктері 25 тонналық болса, қазіргілерінің қуаты – 220 тонна. Қазіргі техниканың қуаты да, соған сәйкес көлемі де үлкен.

Қазіргі жастар да білімді. Әрқайсысының болашағынан үлкен үміт күтуге болады. Кезінде оқуын енді тәмамдап, разрезге орналасқан шәкірттерін қазір өз алдына бір-бір маман. Солардың қатарында қазір бұрғылау-жару



участкесін басқарып отырған Әли Серікбайұлын айта кетпекке болмайды. Өзінің төл шәкірті. Еңбегінің арқасында кезінде ауысым шебері, одан кейін участік башысының орынбасары болды. Қазір білдей башы. Мен әрқайсысымен мақтанамын, – деді ағамыз.

1989 жылы өмірлік жары Гүлшараны жолықтырып, отау құрады. Қазір бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы. Ұлы Азат Қазақстан теміржолында заң саласында, қызы Диана банк саласында қызмет істеуде. Ал, кенжелері Аяна да елордада мамандығы бойынша еңбек етіп жүр.

Ағамыздың еңбегі еленді. Ерен еңбегі үшін «Шахтерская слава» орденінің толық иегері атанды. «Көмір өнеркәсібінің құрметті шахтері» орденінің де иегері. Осы бір абыройға жеткізген – еңбек. Ал, ерен еңбек ешқашан ұмытылмақ емес. Ұмытылмайды да.

Осакаров ауданы

Сурет

кейіпкердің жеке мұрағатынан

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Әкелер мектебінің» тағылымы мол

Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінде «Ұлағат» әкелер мектебі тоспадоп сайысын өткізді. Қоғамдағы әкелер бірлігі мен жігерін, жауапкершілігі мен тәрбиелік үлгісін көрсететін дәстүрлі сайыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Осындай мағыналы шараларды ұйымдастыру арқылы біз жас ұрпаққа мықты тәрбие мен үлгі көрсетеміз. Жасөспірімдерді ортақ мақсатқа ұйыстырып, саламатты өмір салтын насихаттауға атсалысамыз. Сайыста әкелер белсенділік танытып, ұлдары мен қыздары мақтан тұтар үлгі көрсетті. Әкелер ынтымағы – балалар өміріне үлкен сабақ және мектептің мерейін үстем ететін күш, – деді Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі, «Ұлағат» әкелер мектебінің үйлестірушісі Өмірсерік Несіпбаев.

Сайыста бірінші орынды ерекше көзге түскен Ә.Ермеков командасы (5 сыныптар әкелері) жеңіп алды. Екінші орынды үлгілі ойын өрнегін көрсеткен «Ақжол» командасы (1 және 7 сыныптардың әкелері) иеленді. Ал үшінші орынды ерік-жігермен ұйымшылдық көрсеткен «Барыс» командасы (3 сыныптар әкелері) жеңіп алды.

Ұстаздар қауымы жарыс тек ойын емес, отбасылар арасындағы достықты нығайтуға, рухани қарым-қатынастарды арттыруға арналған жарқын шара екенін атады.

Инвестиция: үздік жобалар үміті

«Террикон алқабы» IT-хабында кәсіпкерлер мен стартаперлерге арналған бағдарламалардың финалистері өз жобаларын ұсынып, ақшалай гранттар үшін бақ сынады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Десек те, «Акселератор» және «Инкубатор» бизнес-бағдарламаларының барлық қатысушылары финалға жете алмады. Әлеуетті инвесторлар алдында акселерациялық бағдарламаның алты командасы және инкубациялық бағдарламаның алтауы өз нәтижелерін ұсынды.

Алғашқыда «Инкубатордың» финалистері идеяны жұмыс істеп тұрған бизнеске айналдырғысы келетін стартаперлерге арналған бағдарлама әзірлеушілер жобасын талқыға салды. Олардың қатарында YAEM командасының қатысушылары – Егор Лошкарев, Олег Масленников және Артем Захарченко бар. HoReCa сегментіне арналған QR мәзір жобасын әзірлеген жастар тұтынушыларға баяу қызмет көрсету, басып шығару шығындары және шетелдік қонақтарға қызмет көрсетуге арналған жобаны ұсынды.

«Террикон алқабында» iCompile әзірлеушілері де өнер көрсетті. React Native жо-



басын әзірлеуде 3 жылдық тәжірибесі бар, АҚШ-тағы IV-мектепке оқыған Қасымжолар Шұбай соңғы бір жарым жыл бойы стартаптарды іске қосу үстінде екенін айтты. Серіктесімен бірге жасауды интеллект негізіндегі бағдарламалау тілінде жазылған мәтінді машина кодына ауларатын бағдарламаны жасады.

– Бағдарламаға қатысу барысында жобаның пилотын жеке мектептердің бірінде өткізіп, алғаш пайда тауып, 782 премия-пайдаланушыны қоса алдық, – деп атап өтті Қасымжолар Шұбай.

Инкубациялық бағдарламаның тағы бір финалистері «Лактопроф» жобасын ұсынған команда

– Анастасия Шмидтке мен Анна Попова бала емізетін аналарға және қосымшаның ақпараттық материалдары бойынша білікті кеңесшілерге қол жеткізуді ұсынамын мобильді қосымшаны жасады. «Инкубаторда» Анастасия мен Анна жобаның веб-сайтын құрып, жоспарын жасады. Сонымен қатар жобаның қажеттілігін растайтын алғашқы сатылымдарды өткізді.

Сайыс нәтижесінде YAEM, iCompile және «Лактопроф» жобалары 500 000 теңге көлемінде грант иегерлері атанды.

Екінші бөлім жұмыс істеп тұрған бизнесті дамытуға арналған бағдарлама – «Акселератор» түлектері жобаларының тү-

саукесерлеріне арналды. JolScan, TalkTrack, EatPlay.kz, sidekick, ZANTech.kz және Teleport командалары өз нәтижелерімен бөлісті. Инвестор – Terricon venture клубы стартаптарға 25 миллион теңгені бағыттауға дайын екенін мәлімдеді. Жакын арада ұйымдастырушылар жобаларға қандай көлемде инвестиция алатынын жария етпек.

– Біз бизнес-бағдарламаларымызға қатысқан жобаларды инвестициялаймыз. Олардың қалай өзгеретінін және өсетінін көреміз, әлеуетіне сенімдіміз. Командаларды біліммен ғана емес, қаржылық ресурстармен де қолдауға дайынбыз, – деді «Террикон алқабының» башысы Сабыр Ниязов.

ТМРД – Қарағанды облысы.

Жария тыңдаулар өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қарағанды қаласы, Костенко көшесі, 6-үй, мекенжайы бойынша орналасқан (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) Балқаш қаласы, М.Қазыбеков көшесі, 19А мекенжайында орналасқан «Казэнергоцентр» ЖШС қабарламасын қарау бойынша жария тыңдаулар өткізеді, 31.12.2024 жылдан бастап электр энергиясын бөлшек саудада өткізу кызметтерін шектеі бағаны көтеру туралы.

Жария тыңдаулар онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

2024 жылғы 17 желтоқсанда сағат 12:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай кенті, Бөкейхан көшесі 2, «Мадени-демалыс орталығы» ҚМҚК ғимаратында онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

2024 жылғы 18 желтоқсанда сағат 12:00-де Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Космонавтов көшесі 2, «Приозерск қаласының Достық «БЖШ» ғимаратында онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

2024 жылғы 18 желтоқсанда сағат 16:00-де Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Абай көшесі 34, БАХЫТ ғимаратында онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

2024 жылғы 19 желтоқсанда сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Топар кенті, Қазыбек Би көшесі 5, «Энергетик» мәдениет үйінде онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

Тыңдауға мониторинг делегаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-20, «Казэнергоцентр» ЖШС байланыс телефондары 8 (7212) 25-82-15.

ДКРЕМ – Қарагандинская область.

Проводятся публичные слушания.

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению уведомления ТОО «Казэнергоцентр», расположенного по адресу: г. Балхаш, ул. М.Казыбековой 19А, о предстоящем с 31.12.2024 года изменении предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии.

Публичные слушания состоятся с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

17 декабря 2024 года в 12:00 часов по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, п. Ақтоғай, ул. Бөкейхана, дом 2, в здании КГКП «Культурно-досуговый центр», с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

18 декабря 2024 года в 12:00 часов по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, ул. Космонавтов, дом 2, в здании КГКП ЦДЮТ «Достық», с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

18 декабря 2024 года в 16:00 часов по адресу: Карагандинская область, г. Балхаш, помещение БАХЫТ ул. Абая 34, с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

19 декабря 2024 года в 15:00 часов по адресу: Карагандинская область, п. Топар, ул. Казыбек Би, дом 5, в здании ДК «Энергетик», с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Контактный телефон Департамента: 8 (7212) 41-34-20, контактные телефоны ТОО «Казэнергоцентр» 8 (7212) 25-82-15.

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 1,075 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

№331

№332



• КӨРМЕ

Алаш әскері қалай киінген?

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарих факультетінің әскери-тарихи жаңғырту «Gala» арнайы клубының ұйымдастыруымен «Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан казак офицерлері» көрмесі өтті. Көрмеде 22 атқыштар полкі, «Алаш әскері» және «Дала» атты жасақтарының киім үлгілері мен өмір жолдары түсіндірілді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арнайы шара Бірінші Дүниежүзілік соғыстың 110 жылдығына орай ұйымдастырылған көрінеді. Оның мақсаты – отандық тарихтың белгісіз бетін ашу, казак сарбаздарының өмірімен таныстыру. Шараның маңызды бөлігінде тұтқынға түскен австро-венгерлік, француз сарбаздарының да киімдері мен қару-жарақ үлгілері көрсетіліп, олар туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар, Қазақстан аумағындағы Қапал қаласында орналасқан 22-ші Түркістан атқыштар полкінің офицерлері жайында олардың түрлері, яғни, подполковник шеніндегі 2-ші Алаш полкінің (5-ші Сібір атқыш дивизиясының «Қазақ» атты полкінің) командирі, капитан Ғали Самұратбекұлының жеке киім үлгісі көрме көрмесіне ерекше таныстырылды. – Семей қаласында большевиктерді құлатудың сәтсіз әрекетінен соң Алаш жасағы 1918 жылғы 17 мамыр күні Сор шатқалына көшті. 23 мамырда алаштықтар



астыртын ұйымның жасырын жүрген 35 орыс офицерінің казак даласына қашуына жәрдем жасады, олар Алаш жасағын дайындау жұмыстарымен айналысты. Бір ай ішінде кадрлық офицерлер Алаш жасағының жігіттерін оқытты. Жасақ үш жүздікке, жүздік взводтарға бөлініп, командирлер тағайындалды. Жасақ түзеліп, полк құрылымына айналды. Жасақ командирі болып Омбы қаласынан келген кадрлық офицер, Бірінші дүниежүзілік соғыстың

қатысушысы, капитан Хамит Тоқтамышев тағайындалды. Ал, қалған командалық және нұсқаушы лауазымдарына астыртын ұйым мүшелері ие болды. 10 маусымда Семей коммунистері өз жағдайының нашарлауын сезініп, Барнауылға шегінді. 19 маусымда Алаш жасағы атқыштар взводымен, пулеметшілер командасымен бірге есауыл Машинскийдің жалпы қолбасшылығымен Семейден Барнауыл майданына шегінген қызылдардың

ізіне түсті. Ол жорық туралы «Сарыарқа» газеті былай деп жазды: «Алтай губерниясы бағыты бойынша большевиктердің ізіне түскен Алаш жасағы 17 шілдеде сәтті оралды. Осы жасақ 52 казак бен 21 офицерден тұрды. Жасақ басшылары Тұрағұл Абаев, Биәхмет Сәрсенов, Қаражан Үкібаев, Тоқтар Бегметов, Ғабдолла Қаскеев және басқа да мырзалар болды. Батыл дала жастары көптеген большевиктермен бірнеше рет күреске

шықты, соңғылары қысымға шыдай алмай, қаша бастады. Тұрағұлдың айтуы бойынша, казак жастары күреске алған, қорықпаған. Күрес кезінде «Алаш» сөзін айтқанда өз өмірлерін ұмытқан. Большевиктер жағынан үшеуі өлтірілген, екеуі жараланған, 11-і қамауға алынып, бізде 8 ат, шамамен ақшалай 100 рубль және көп қару қалған. Қамауға алынғандар арасында Қазиді өлтірген большевик бар. Момынжан большевиктің басын шапқан. Алаш жасағы бір адамды жоғалтқан. Қайта оралған жасақтың рухы көтеріңкі» делінген, – деп түсіндірді тарих факультетінің оқытушысы Игорь Гребников. Атап айтсақ, бұл әскердің қатарында Хамит Тоқтамышев (1890-1919), Алаш Республикасының әскери министрі (1918-1919), полковник Мұрат Тоқтамышев (1889), штабс-капитан, Миғдатша Абылайханов (1878-1919) капитан, Алаш Орда мүшесі, әскери отрядтар жетекшісі Мәделі Абылайханов (1880-1930), полковник, монархист Ноғайбай Жетпісбаев (1863-?), подполковник, шығыстанушы Оспан Кобеев (1878-1930), подполковник (1917 жыл) Молданияз Бекімов (1882-?), капитан Нұрман Сарыбопин (1890-1918), штабс-капитан. Сарықожа Сабыржан Көшербаев (1883-1925), штабс-капитан Ғали Самұратбеков (1884-1928) капитан, подполковник Жәңгір Сәлімгерейұлы Жантөрин (1894-1919), төре Ахмет Әбдірахимовтер болған (1895).

Сурет ұйымдастырушылардан

Аида – алтын, Абылайхан күміс алды

Таиланд елінің Чиангмай қаласында бокстан ерлер мен әйелдер арасында өткен Азия чемпионатының ақтық сынына шыққан бокшыларымыз екі күн бойы өнер көрсетті. Боксшы қыздарымыз ерлік көрсетіп, 5 алтын медаль жеңіп алды.



Суретшілік: Лариса Козлова

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, боксшы аруларымыздың ақтық сында сәтті өнер көрсетіп, Азия чемпионатында ұлттық құраманы бірінші орынға алып шықты. Кейінгі орындарға Өзбекстан, Таиланд, Қытай спортшылары жайғасты. Ал, осы алтын алған бес арудың ішінде кеншілер өлкесінен келген тәжірибелі боксшы Аида Әбікеева бар. Жерлесіміз Аида Әбікеева ақтық сында 63 келіге дейінгі салмақта вьетнамдық Линх Ха Тхиен шеберлік байқасты. Бірінші кезеңде Аида ширақ қимылдап, алға ұмтылған қарсыласын соққымен күтіп алып отырды. Есеп – 5:0. Екінші раундта жекпе-жек барысы айтарлықтай өзгермеді – 4:1. Үшінші кезеңде вьетнамдық боксшы ширақтау қимылдағанымен, қорытынды нәтиже 5:0 болды. Осылайша, Аида Әбікеева Қазақстан қоржынына алтын салып, есімін алып құрлық чемпионаты

ты тарихына жазды. Ал, ерлер арасында тоғыз отандасымыз финалда өнер көрсетіп, төртеуі алтын алса, бесеуі күмісті қанағат тұтты. Күміс алған боксшылар арасында жерлесіміз Абылайхан Жүсіпов бар. Ол осымен үшінші рет Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанып отыр. Сонымен қатар, Абылайхан Жүсіпов әлем чемпионатының үш дүркін қола жүлдегері және екі рет Олимпиада ойындарына қатысқан. Абылайхан финалда 71 келі салмақ дәрежесінде өзбекстандық Хавасбек Асадуллаевпен жұдырықтасып, төрешілердің шешімімен (1:4) жеңілді. Сонымен, 48 келіде Санжар Тәшкенабай – күміс, 54 келіде Махмұд Сабырхан – алтын, 57 келіде Оразбек Асылқұлов – күміс, 67 келіде Дулат Бекбауов – күміс, 71 келіде Абылайхан Жүсіпов – күміс, 75 келіде Диас Молжігітов – күміс, 86 келіде Бекзат Нұрдәулетов – алтын, 92 келіде Сағындық Тоғамбай – алтын, 92 келіде Айбек Оралбай алтын иеленді.

• ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Дербестік дақпырт емес

Өскекең ұрпаққа Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұқтыру – аға буын алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Жас толқын қазақтың азаттыққа қалай және нендей құрбандықтармен жеткенін тарих беттерінен ғана оқиды. Арқадағы азаматтар – бұл міндеттеріне адал. Достық үйінде «Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз києм» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Тағлымды кешті облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ұйымдастырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеби-танымдық кеш ерекше форматта өтті. Патриоттық әндер шыркылып, ағыл-тегіл жыр оқылған жоқ. Мәселен, ақын, «Желтоқсан оқиғасына» қатысқан филология ғылымдарының докторы, профессор, «Еңбек ардагері» төсбелгісінің, «Құрмет» орденінің иегері Қойлыбай Асан спикер болды. Ол тәуелсіздік турасында толғамды ойларын айтып, 1986 жылы орын алған оқиғалардың естелігімен бөлісті.

– 1986 жылғы көтеріліске оқиға деп айдар тағып қойғанбыз. Негізінде бұл – ұлт-азаттық көтеріліс. Көтеріліс Алматыда басталғаны рас. Бірақ, бұл көтеріліс ұлттық сипатқа ие болды. Қазақ жастары әр қалада өре түрегелді. Қарағандының көшелері де азаттықты аңсаған намысты, қайратты жастарға толды. Қазақ деген халық үшін «Азаттық» деген сөз қасиетті. 25 қазан – Республика күні деп бөркімізді аспанға атып, қуанамыз. Бірақ, 16 желтоқсанның қадірі бөлек. Халқымызға Кеңес Одағының қатал жүйесі озбырлықтың небір үлгісін жасады. Аштыққа ұрындырды, жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыратты. Қазақтан сескенді. Сескенгеннен кейін әлсірету үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасады. Ғасырлар бойы азаттықты аңсаған қазақтың арманы ғұмырлық мәніне айналған сол жылдағы жастар намыстарын қалқан, қайраттарын қару етіп, көшеге шықты. Осы уақытқа дейін бір шындық айтылмай келеді. Азияны жалпағынан басып, қаншама халықтарды қан қақсаып отырған кеңестік жүйенің уығын шайқалтқан – қазақ жастары. Колбиннің басшылыққа тағайындалуы – жүз себептің бірі ғана. Бұл күндегі менің



жалғыз тілегім – сол кездегі жастардың рухын бүгінгі буын өкілдеріне берсе екен, – деді Қойлыбай Асан. «Негізінде бұл – ұлт-азаттық көтеріліс» дегенінде, залдағы жұрт қошемет көрсетті. Бұл сөз зиялы қауымның да, жұрттың да көкейінде «осылай деп мойындалса екен» деген тілек тамыр жайғандай. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессоры, алаштанушы ғалым, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова да мінберге шығып, жастарға сөз айтты. – Тәуелсіздіктің киесі мен құндылығы неде? 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігін жариялаған Декларация әлемді дүр сілкіндірді. Жаһанға тарыдай шашылған казак сүйінші жаңалықты естіп, жер жастанып қуаныштан жылаған. Ата жұртқа оралғандары топырақты сүйген. Бұл деректер тәуелсіздіктің, туған жердің құндылығы қандай екенін көрсетіп тұр. Елтаңбамызды қастерлейік. Отаршылдар қасиетті шаңырағымызды аяққа таптаған бір кезеңде. Бұл күнде шаңырағымызды төбемізге тұтып отырмыз. Кейбір адамдар елтаңбаның қадірін білмейді. Мені осы күйіндіреді. Ата-бабамыздың қанына боялған қызыл туды, мой-

нымыз орылған сондағы ораққа бас ұрған едік. Ғасырлар бойы армандаған арманымыз орындалып, Көк туымыз желбіреді. Көк туымызды қастерлейік! «Көк тудың желбірегені, жанымға қуат береді» деген сөздің мағынасын түсінгенде ғана құндылықтың не екенін білеміз. Тәуелсіздік – қарақшы мен сатқындардың қоржынында кеткен хандар мен батырлардың басын қайтаруға мүмкіндік берді. Жаламен сотталған, атылған жақсыларымызды, тұлғаларымызды ақтадық. Жерімізге, оның астындағы, үстіндегі байлыққа ие қылды. Ана тілімізде сөйлеп, нәрін тұла бойымызбен сезініп жүрміз. Міне, тәуелсіздіктің құны – осындай, – деді Нұрсахан Бейсенбекова. Кешті тізгіндеген Айтбай Жұмағұлов та тереңнен ой толғап, жалынды сөздерін жолдады. Кешке қаладағы жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Алаш Нұрбай азаттық тақырыбында өлең оқыды. Қарағанды медицина университетінің студенті, «Серілер» ұлттық-аспаптық ансамблінің жетекшісі Орынбасар Ерболат та спикерлер қатарында ой толғады. Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арнағар» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерлер: 8-702-293-13-70
Қаржаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 ұй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KJAZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 140 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Алуаны СОВЕТ